

№38

/Сәрсенбі/

19 қыркүйек 2018 ж.

www.aigak.kz

E-mail: aigak@mail.ru

АЙҒАҚ

М Е Д И А



Нұрсұлтан Назарбаев Түркия Республикасына ресми сапарының қорытындысы бойынша бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін брифинг өткізді.

Бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің алдында сөйлеген сөзінде Мемлекет басшысы қонақжайлық көрсеткені үшін Түркия Республикасының Президенті Режеп Ердоғанға ризашылық білдіріп, өткен президент сайлауындағы жеңісімен құттықтады, деп хабарлайды ҚР Президентінің баспасөз қызметі.

Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан мен Түркия арасындағы қарым-қатынастардың стратегиялық сипатын атап өтті.

– Ортақ тарих пен рухани құндылықтарға негізделген қарым-қарынастарымыз қарқынды дамып, барлық бағыттар бойынша нығая түсуде, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы Түркия Республикасының Президенті Режеп Ердоғанмен өткен келіссөз нәтижелеріне жан-жақты тоқталды.

– Бүгін Түркия Президентімен мазмұнды әрі нәтижелі келіссөз өткіздік. Бұл кездесу өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасуға мүмкіндік берді. Жалпы, Астана мен Анкара өңірлік және халықаралық проблемаларды әрдайым ашық талқылайтынын атап өткім келеді. Бұл мәселелер бойынша біздің ұстанымдары-

мыз ұқсас, – деді Қазақстан Президенті. Сондай-ақ, Нұрсұлтан Назарбаев бүгін өткен Қазақстан мен Түркия арасындағы Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің үшінші отырысы екі жақты қатынастарға одан әрі тың серпін беретініне сенім білдірді.

мыз ұқсас, – деді Қазақстан Президенті.

Сондай-ақ, Нұрсұлтан Назарбаев бүгін өткен Қазақстан мен Түркия арасындағы Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің үшінші отырысы екі жақты қатынастарға одан әрі тың серпін беретініне сенім білдірді.

Мемлекет басшысы екі елдің саяси диалог пен бауырлас халықтардың достығын әрі қарай нығайтып, тереңдете түсуге мүдделі екенін айтты.

Сонымен қатар, Қазақстан Президенті екі мемлекет арасындағы сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастық мәселелеріне тоқталды.

– Қазір елімізде түрік капиталының қатысуымен құрылған 1800-ден астам кәсіпорын бар. Тауар айналымының көлемі өткен жылы шамамен 2 миллиард доллар болды. Бұл көрсеткішті болашақта 5 миллиард долларға жеткіземіз деп келістік, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Нұрсұлтан Назарбаев «Жаңа синергия» атты бірлескен бағдарламаны жүзеге асырудың аралық қорытындыларын атап өтіп, «түрік бизнесінің капитандарымен» жүргізілген келіссөздердің нәтижелеріне тоқталды.

– Жалпы, сапарым барысында құны 2 миллиард долларға жуық коммерция-

лық жобаларға қатысты келісімдерге қол қойылды. Алдағы уақытта бүгінгі қол жеткізген уағдаластықтарды жүзеге асыру үшін, күш жұмылдыруымыз қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті түрік инвесторларын Ақтау және Құрық порттары негізінде жұмыс істеп жатқан көлік-логистика хабын дамытуға белсенді атсалысуға шақырды.

– Бүгінгі келіссөздер барысында біз көлік-транзит, мұнай-газ, әскери-техникалық, ауыл шаруашылығы, туризм, мәдениет, білім, ғылым және технология салаларындағы ынтымақтастығымызды талқыладық. Біз осы бағыттар бойынша өзара ықпалдастығымызды нығайтуға уағдаластық, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Р.Ердоған Қазақстан Президентіне ресми сапары үшін ризашылық білдіріп, өткен кездесулердің нәтижесін жоғары бағалады.

Түркия Республикасының Президенті сауда-экономикалық байланыстарды кеңейту, білім және мәдениет салаларындағы ынтымақтастықты тереңдету мәселелеріне қатысты келіссөздердің маңызды нәтижелеріне тоқталып, оның оң қарқынын атап өтті.

Шолушы.

ШЫҒЫСТЫ ШЫРАЙЛАНДЫРҒАН ТҮРКІСТАНДЫҚТАР

Түркістаннан -
Тарбағатайға

Шоқ, шоқ ши өскен шеңгел жолдармен шеру тартып келеміз. Бұралаңы көп, ойдым-ойдым тастақты, соқтықпалы соқпақсыз жол деп осындай бағытты айтса керек. Бұл белес-белес жолдар елдің оңтүстік аймағынан қоныс аударып, еңбектен еңсе тіктеп, тіршілігін түзеп жатқан шаруалардың егін алқабына алып барады. Мақтарал, Жетісай аудандарынан келген отбасылар осындағы Құмкөл ауылдық округіне жайғасыпты.

Тарбағатай тау сілемдерінің етегінде орналасқан түркістандық шаруалар диханшылықпен айналысуда. Яғни, “Аспан III” өндірістік кооперативіне “Сүндет”, “Жұман ата”, “Шығыс өнімдері” атты шаруа қожалықтары бірігіп, бір ұжым болып, еңбек етуде екен. Ту сыртынан қарасаңыз ауызбіршілікпен ерен еңбек етіп жатқандары сүйсіндіреді. Елбасының ішкі көші-қон саясатын қолдап, қоныс аударған бұл азаматтарды егеменді еліміздің еңбек ерлері деп мақтанышпен ауыз толтыра айтуымызға толық негіз бар. Тынымсыз

Чар тауекелге бел буған «Айғақ» телеарнасының шығармашылық ұжымы асу-асу бел асты. Жерлестерге деген сағыныш сезімімен жүрегіміз алып шыып, ұзақ жол жүріп Шығыс Қазақстан облысындағы Тарбағатайдан түсірілім жұмысты бастадық. Ежелден «Барқытбел» атанған қарт Тарбағатай ерте замандардың көнекез куәсі. Орталығы Ақсуат. Мұнда көсемдер, шешендер, көріпкелдігімен аты аңызға айналған Ырғызбай әулие, жауырыны жерге тимеген палуандар өмір сүрген. Хан батыр Қабанбай тұлпарының тұяғы тиген текті, киелі өлкеде бізге бауырластармен жүздесудің сәті түсті.

тіршілікте жүрген шаруаларды көріп “көз-қорқақ, қол-батыр” деген мақал еріксіз еске түсті.

Аспан асты елі Қытаймен шекаралас жатқан Тарбағатай ауданында 41 мыңнан астам тұрғын бар. Осы ағайынның ортасында бауыр басып, шаруашылықты ширатып отырған диханшылар

қауын, қарбыз, картоп, қырық қабат, сөбіз, қызанақ егіп, маңдай термен адал нан жеп жүр. Біріккен шаруа қожалығы жалпы 1200 жерді игеруде. Сағым қуған сайын далада жан бағып, тіршілік ету оңай емес. Бірақ аянбай тер төгіп, еңбек етсең, жер ананың да жерге қаратпайтыны ақиқат қой.

Дәмі тіл үйірген қарбыздарынан біз де дәм татып, туған жердің ыстық сөлемін жеткіздік. Ұйымшылдықтың арқасында асу асып, шекара маңында жатқан жерді игерген жерлестер тағы бір шынды бағындырмақ ниетте. Ұлы даланың қырандары күннен-күнге қанат жайып, енді өндірістік фабрика

құруда. Әзірге 5 гектар жер алып, мал бордақылау алаңын салып жатыр. Осының өзіне жерлес шаруалар 460 миллион қаржыны жұмсапты. Сондай-ақ, құс фабрикасына 72 миллион, құрғақ сүт өндіру шаруашылығын бастауға 180 миллион теңге құйған.

Жалғасы 2-3-ші бетте



Суретте: Тарбағатай ауданына қоныс аударған жерлестер

(Соңы. Басы 1-бетте)
Жалпы 25 гектар өндірістік аймақты Түркістан облысынан келген еңбек сүйгіш жандар жандандыру үстінде.

Шекаралық аймаққа қоныстанған ұлы даланың ұландарын көріп жазушы Ғабит Мүсіреповтың “Біз жиылақ көппіз, жайылсақ жоқпыз” деген сөзі ойға оралды. Ия, “байлық байлық емес, бірлік қана байлық”. Түркістан облысынан қос жеңіл көлікпен келіп, ұлы далада дамылсыз еңбектің тері бетін жуған жерлерімізді көргенде, бойымызды мақтаныш сезімі кереметтей кернеді. Қай өңірде болмасын қазақтың әрбір аялы жерін игеру сіз бен біздің міндетіміз емес пе? Сол борышты сезінген түркістандық Ардақ Егенов, Бекжан Жұманов, Мұсатай Асильов, Алижаппар Ахметов, Асқар Шерниязов, Марат Пулатовтар бүгінгі күннің батырлары ғой, шіркін.

*Батыр жүрек қазағым, барыс халық,
Түсінген ел алдында борышты анық.
Адал еңбек қадірін ұққан жандар,
Шығысты шырайлы етті қоныстанып.*

Барқыт бел, жасыл желек жер жаннаты — Қатонқарағай

Халқымыз үшін Алтай тауының қадірі де, қасиеті де ерекше. Алтай дегенде көзіңізге Бұқтырма өзені, Қатонқарағай, Мұзтау, Топқайың, Шыңғыстай, Тарбағатай жоталары, Күршім елестейді емес пе?! Бұл атауларды біз жазушылардың жазғандарынан оқып едік. Оралхан Бөкей, Қалихан Ысқақ, Дидахмет Әшімханұлы секілді қаракөз шеберлер шыққан мекен бұл. Осы қаламгерлердің шығармаларын оқығанда «Беу шіркін, Алтай қандай керемет еді!» деп тамсанып қаласың. Бірақ құт мекен, ақ босағамыз болған Алтай тауының етегіндегі Қатонқарағай ауданында қазір қарттар ғана қалып барады. Жастардың барлығы қала жағалап кеткен. «Біздің жақта қыс ұзақ» деп Оралхан Бөкей жазғандай, алты ай қытымыр қысы бар жеруық мекеннің табиғаты сарқылмас байлық. Ғажайып тау-тастар, сарқырап жатқан өзен, көк майса өрлей өскен шыршаларға көз тоймайды. Сол байлықты сақтап қалатын халықтың саны кем. Қос бірдей алып мемлекет Ресей, Қытаймен шекаралас жатқан ауданға көшіп барып, кәсіппен айналысамын десеңіз аймақтың есігі айқара ашық.

Біз Қатонқарағай ауданында жүріп, бір ғана Түркістан облысының тумасын жолықтырдық. «Тау самалы» демалыс орнында 10 жыл бойы қызмет атқарған Ғалымжан Мұстаев осы өлкеге қоныс аударыпты. Ол «Арайлы Шығыс» атты сауықтыру лагерінде директор. Бұл орталықты еліміздің оңтүстігі мен шығысына алтын көпір болған кәсіпкер Ғани Шаймарданов ашқан. Елбасының «туған жер» бағдарламасын қолдап, іске қосылған еді. Саф алтындай тап-таза ауасы бар Қатондағы лагерге жерлесіміз жетекшілік етіп отыр.

Шығысты шырайландырған Түркістандықтар

Алтайда не көп, тау мен серпантин жолдар көп. Биік тау ішінде көлікпен жүріп келе жатып, бұралаң қиылыс пен ирелеңдеген иірім бағытты көрсеніз, жүрек тұсыңыз дүрсілдеп соғады. Дегенмен, әдемі көрініс. Сұлулық өлеміне кіріп кеткендей күй кешесіз. Біз көзбен көрген сол керемет көріністерді сіздерге бір сөзбен жеткізу мүмкін емес. Өзіңіз көргенге ештеңе жетпейді. Ертегі өлемі дерсіз. Ғажайып сезімге бөленген көңіл-күймен қимылдаған қыр асар, деп жүріп отырдық! Тарам-тарам көп соқақтан жол тауып, Шығыс Қазақстанның Зырян ауданына бағытымыз түсті.

Өр Алтай тауының етегіндегі кенді аймақтың халқы ашық-жарқын көңілмен қарсы алды. Зырянның табиғаты қандай әсерлі болса, тұрғындарының да пейілі кең, жүрегі ақ екен. Қасиетті Түркістаннан барған біздерді көргенде, жүздерінде бал-бұл жанған қуанышты байқадық. Солардың қатарында осы аймаққа қоныс аударған

жерлеріміз де бар. Шымкент қаласынан көшкен Гүлжамал Пернебаева жеке кәсібін жүргізіп отырған қазақтың қаракөз қарлығашы. Жерлесіміз салт-дәстүрді өн бойына сіңіріп қана қоймай, Зырян ауданына терең насихаттап жүр. Өмірге деген көзі ашық білікті кәсіпкер “Кочевник” кафесі мен қонақ үй ғимаратын жалға алып, іскерлігін көрсетуде. Он саусағынан бал тамған аспазды асудың нағыз ханшайымы дерсіз. Қазақтың ұлттық тағамы бешбармағын әзірлегенде аузыңыздың суы құрып, төбетіңіз ашылады. Жергілікті Зырян тұрғындары мен қала қонақтарын дәмді тағаммен қамтамасыз етіп отырған бірден-бір дәмхана.



Жұмысты жыл басынан бастауды жақсылыққа жорып, 2018 жылдың қаңтар айында Зырянға қонысын көшірген Гүлжамал атына заты сай тірлік жасап жатыр. Өр арайлап атқан таңда «табыстың басты кілті төзімділік пен шыдамдылық» деп іштей қайталап, іске кіріседі екен. Оның бойындағы осы бір қайсар мінезі, көне сөздерді жатқа айтқан қағілез қасиеті бізді таңырқатты. Аспаздық кәсіптің қыр-сырын жастайынан меңгерген Гүлжамал Пернебаева бір ұл, бір қызды тәрбиелеп отырған аулы ана.

Ол бүгінде бизнестің тынысын кеңейтіпті. Еңбектен қашпай, ырсың шашпай жүрген нәзік жанның көкейінде арман көп. Төлеби ауданында тұрып жатқан ата-анасын ауасы саф Зырянға көшіріп әкеліп, осы өңірде өсіп-өркендеу.

Зырян ауданы әкімінің қызметкерлері Елбасының ішкі көші-қон саясатын қолдап, бар ынта-шынтасымен жұмыс істеп жатқан аймақтың қатарында. Қоныс аударушы



Суретте: Шымкент қаласынан қоныс аударған Гүлжамал Пернебаева ұл-қызымен.

ағайынға мемлекеттің ұсынып отырған мүмкіндігіне жол ашып беріп, қолдарынан келген жағдайды жасап отыр екен.

Абылайхан Әлмаханов білім саласында еңбек етіп жүрген білікті маман. Шардара ауданының тумасы Зырян қаласындағы №9 орта мектепте тәрбие ісінің меңгерушісі. Осы аудандағы жалғыз қазақ мектебі. 497 оқушы білім алып жатыр. Сол ұрпақты тәрбиелеуге үлес қосып отырған Түркістан облысының тумасы Семей қаласында қолына диплом алып, Зырянда қызмет жолын жандандыруда. Осындағы жастар мәслихатының депутаты болып та үлгерген 25 жасар жерлес Зырянда өсіп-өнуді көздеп отыр. Жан түкпірінде жатқан ойы - отбасын

құрып, халқы аз ауданның

оқушылар оқып жатыр. Сіз және біз болып ойланатын жайтқа бей-жай қарай алмаған Талғат Қоңырбаев Отырар ауданындағы Ақтөбе бөлімшесінен Зыряндағы Феклистовка елді мекенге келген. Мал дәрігері болып жұмысқа тұрып, еңбек етуде. Жұбайы Бибігүл Ерназарова да ауыл әкімшілігінде еден жуушы болып, нәпақасын тауып жүр. Үш ұл, бір қыз тәрбиелеп отырған жанұя баспана алып, мемлекет тарапынан берілген көтерме ақыға мал шаруашылығын игере бастапты. Жаңа мектепке барып, жаңадан дос тапқан Досымжан Бөгенбай бұғанасы қатпаған бала болса да, өңірдің проблемасын айтты. Бір сыныпта 4 бала оқимыз деп, көңілі жабырқаған Досымжан жас та болса, ақыл-ойының терең екенін аңғартты.

Зырян ауданына қарасты Северный ауылдық округінің әкімі Қайратбек Шингисенов қоныстанушыларды шекаралық аймаққа тартқан алғашқы азаматтың бірі. Оны алаңдатып отырған бүгінгі мәселе шекараның тұсында қаңырап бос қалып жатқан шалғайдағы ауылдар. Мұндағы елді мекендерге әкім таппай, қаншама орынтақтың бос тұрғанын білсеңіз ғой. Егер өмірбаяныңызды байытып, қызметте өскіңіз келсе, осында келіңіз.

Түркістандықтар Риддер қаласында

“Бір жол бар - жақын, жақын да болса - алыс” деген сөз тіркесі еліміздің шекарасында орналасқан аймақтарға айтылғандай. Шығыс Қазақстан

демократиясын көтеру. Осындай мақсаттарымен бөліскен Абылайхан Әлмахановпен естелікке суретке түстік.

70 мың халқы бар Зырян ауданының орталығында жүріп, Кеңес дәуіріндегі кезеңдер көз алдымыздан сырғыды. Баяғы ғимараттар сол қалпында сақталып тұр. Тек әлеуметтік нысандар ғана енді жаңарып жатыр екен. Соның бірі 2012 жылы салынған “Қарлығаш” балабақшасы. 288 бүлдіршінге арналған мекемеде 50 жыл Түлкібас ауданының тұрғыны болып, қазір осы аймаққа келген Гүлнара Нуруллаева тәрбие ісімен айналысуда. Екінші Швейцарияға теңелген аймақтан өр Алтай тауының етегіндегі кенді шаһарға келуінде өзіндік себебі бар. Өйткені, Түркістан өңірінде жұмысқа орналасуда жолы болмаған. Сондықтан, “Жұмыспен қамту-2020” бағдарламасы арқылы Түлкібастан Зырянға көшкен. Ағымдағы жылдан бастап жергілікті өлкенің балақайларына тәрбие беріп, сүйікті мамандығын ары қарай жалғастыру.

Жерлесіміз аңқылдаған ақ көңілді мінезімен небәрі бір айдың ішінде Зырядықтарға бауыр басып, ортасына сіңісіп кеткен. Түркістан облысынан ағайынның сәлемдемесін жеткізіп, алдағы ісіне сәттілік тілеп, сапарымызды жалғастырдық.

Зырян ауданының қазіргі шекарасы 1941 жылы құрылған. Мұнда екінші дүниежүзілік соғыс кезінде майдан үшін қажетті қорғасын, мыс өнімдері өндірілген. Тарихы тамыр жайған өлкенің сұлу табиғаты бізді баурап, ашық-жарқын мінезі бар тұрғындары көз алдымызда сақталып қалды. Қазақстанды шексіз сүйетін патриоттармен қимай қоптасып, Феклистовка елді мекеніне жол тарттық. Қас қарая бастаған уақыт. Сол сәтте санама Сәкен Сейфуллиннің «Тау ішінде» өні сарт етіп түсті.

*Мен келем тау ішінде түнделетін
Аймақты күңіретіп, өлеңдетін
Астында ақ боз атым сылаң қағып,
Жалтақтап, құлақтарын елеңдетіп.*

Зырян қаласынан 140 шақырым жол жүріп, қоршаған тау ішіндегі Феклистовкаға да келіп жеттік. 380 тұрғыны бар шағын ауылда күн сайын халықтың саны азаюда. Әлеуметтік нысандарда босаған жұмыс орындары жетіп артылады. Өзекті өртеген осы мәселе бір ауыл ғана емес, ел болып ойланатын қасіретке айналып отыр. Білім ошағының өзінде саусақпен санарлық



Суретте: Шардара ауданының тумасы Бегалы Ғалымжан және Нұрбек Бейсенбаев

облысында ең таза, нағыз өмір сүруге лайықты жер – Риддер қаласы. Жан-жағын тау қырат қоршаған, қайыңды ағаш қаптаған өлкенің табиғаты көздің жауын алып тұр. “Бояусыз салынған сурет” деп осыны айтарсыз. Ағаштардың жапырақтары сарғайып, қоңыр күздің салқын лебі есіп тұр. Теңіз деңгейінен 2877 метр биіктікте. 1941-2002 жылдардың аралығында Лениногорск деп аталған. Осында кен орнын бірінші ашқан инженер Филипп Риддердің есімі берілген қаланың қақпасынан бізді әкімдік қызметкерлері құшақ жайып, қарсы алды. Олардың қатарында Риддер қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Ерік Аусанұлы, Ішкі саясат бөлімінің басшысы Анар Оралқызы бар. “Құтты қонақ келді” деп қуанған риддерліктер бізді бірден қоныс аударушылардың отбасына алып барды. Отырар ауданы, Маяқұм ауылынан келген Ернұр Нұрлыбековтың жанұясы - жас отбасылардың бірі. Жергілікті ішкі істер бөлімінде қызмет



Суретте: Риддер қаласының қонақжай тұрғындары

сымбетова - мамандығы бойынша мұғалім. Бір ұлымен уақытша демалыста үйде отырған жерлесіміз Түркістан облысынан келген біздерді көргенде, жүзіне күлкі үйіріліп, төркінім келді деп қуанды. Жас жанұяның Риддер қаласында айы оңынан туып, жұлдызы жанған. Өйткені, ай сайын үйге уақтылы кіріс көзі кіріп тұр. Жалға алған пәтердің де қаржысын мемлекет өзі төлеп береді. Берекесі мен ынтымағы ұйып отырған шаңыраққа Түркістан

сәті оңынан түспеген соң Шығысқа қарай бет алдым дейді. Бүгінде өр Алтай тауының етегіндегі аймақта жұмыспен қамтылып, ешбір кедергісіз қызметін жандандырып жүр. Жерлестердің жетістігі бізді ерекше қуанышқа бөлеп, көңілімізді марқайтты.

Түркістаннан Риддер қаласына жеткенге дейін 3618 шақырымды еңсерген біздерге жол азабының қиындығын осындай қаһармандардың патриоттығы ұмыттырды. Айта кетейік, бұл Риддер -

тарихтың қойнауында жатқан шаһар. Талай тұлғаларды тоғыстырған өлкеде естен кетпес естеліктер көп.

Тарихтың сол парақтарымен өлкетану музейінде танысқан біздерді Риддер қаласы әкімінің орынбасары Данияр Дүйсенбаев қабылдады. Елбасының ішкі көші-қон саясаты дәл осы аймақта жақсы іске асуда деп мәлімдеме берді. Соңғы 3 жылдың ішінде 170 отбасы қоныс аударып, аймақ халқының санына 470 адам қосылған. Жақсы жаңалықтармен бөліскен Данияр Бекқазыұлы жерлесін іздеген “Айғақ” телеарнасына ризалық білдіріп, бағдарламалық жобаны қос қолын көтеріп қолдайтынын айтты. Ұзақ жолдан келген шығармашылық ұжымға сәттілік тілеп, шығарып салды. Риддерден шыққан біздер Шемонайха қаласына қарай жол жүріп келеміз. Табиғаттың таң қалдырар әсем көрінісі көз алдымызда алыстап барады. “Бізге Риддер қаласына қайта оралуды жазсын” деген ниетпен қимай қоштасып, сапарды жалғадық.



Суретте: «Мұздыбай» шаруа қожалығының төрағасы Талғат Баймурдинов

Алаштың астанасы - Семей

«Қоныс аударушылар» бағдарламасының негізінде Түркістан мен Шығыс Қазақстан облысын жалғаған бағдарлама аясында Тарбағатай, Қатонқарағай, Зырян, Өскемен, Риддер, Шемонайха қалаларын аралаған біздер 4000 шақырым жол жүріп, алаштың астанасы Семейге де соқтық. Ұлы ақын Абайдың туған жері, Шәкәрім Құдайбердіұлының өскен өлкесі - Семейде 330 мыңнан астам халық бар. Бір кездері Алаштың астанасы болған қасиетті аймақта да қоныс аударамын деушілерге жағдай жасалып жатыр. Ел жүгін арқаалаған айтулы мәселеге біздің шығармашылық топ куә болды. Мәселен, “Мұздыбай 1” шаруа қожалығының басшысы Талғат Баймурдинов 5 гектардан басталған егістік алқабына картоп егіп, жоғарғы технологиямен жұмыс істеуде. Мемлекеттік бағдарламаның нәтижесінде жетістікке жетіп жүр. Агротехника мен егістік тыңайтудың тілін тапқан шаруа егістіктің көлемі ұлғайған сайын жұмыс қолын таппай, кедергіге жиі тіреледі екен. Әсіресе, ауыл шаруашылығы мамандары мен механизаторлар жетіспейді. Еңбекақы лайықты төленгенімен, маман жоқ. Семей қаласының іргесіндегі шаруа қожалық жанында баспана қарастырылған. Бірақ, жұмыс күші жетіспей тұр.

Міне, «Айғақ» телеарнасының шығармашылық ұжымы Шығыс Қазақстан облысына жасаған сапары барысында еңбекте бағы жанған талай жаны жайсаңдармен жүздесті. Алып мемлекет Қытай, Ресей, Алтай жерлерімен шектесіп жатқан елді мекендерде жастар көбейсе, жұмыста молаяды. Әркім өзінің бейіміне, ыңғайына қарай қолынан келетін жұмысты игеріп өкетеуге елімізде мүмкіндік мол. Сондықтан, Шығыс Қазақстан облысындағы бауырлар жұмысқа шақырады. Шалғайдағы елді мекендерді сақтап қалуға көмек қолды созайық. Қоныс аударар болсаңыз, жағдайыңыз дұрысталып, жеке шаруаңызды дөңгелетуге мүмкіндік жақсы қарастырылған. Бастысы, Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың ішкі көші-қон саясаты іргелі мақсат, ілгері қадам. Көш көлікті, жолдар көрікті, қоныс құтты, босаға мықты болсын, деп өңгімені түйіндейін.

Бағлан БАЙКӨБЕКҚЫЗЫ,
Шымкент - Шығыс Қазақстан облысы -

Түркістандықтар

облысы мәслихатының депутаты Дулат Әбіш биік белестерді бағындырсын деген ниетпен “Өмір белестері” кітабын тарту етті.

80 жылдық тарихы бар “Риддер аграрлы-техникалық колледжі” білім алған түлектерінің 90% жұмыспен қамтиды. Сондықтан, осында “Серпін” бағдарламасымен білім алып жатқан жастар саны жетерлік. Солардың бірі-Шардара ауданының қостумасы Бегалы Ғалымжан және Нұрбек Бейсенбаев. 2014 жылы оқуға түсіп, 2017 жылы аяқтаған. Бегалы мен Нұрбек қазіргі таңда “Риддер” металлургия кешенінде еңбек жолының алғашқы парақшасын ашып, 1 жылдан бері жұмыс жасап келеді. Олардың өмірге деген құлшынысын көз жанарларынан-ақ аңғардық.

Шардаралықтар Риддер қаласында отбасын құрып, шекаралық аймақтың іргесін нығайтуға үлес қоспақ ниетте. Жалындаған жерлестеріміздің талпынысын көріп, Мағжан Жұмабаевтың “Арыстандай айбатты, Жолбарыстай қайратты. Мен жастарға сенемін...”,- деген өлең жолдарының кейіпкерлері міне осылар. Кенді аймаққа жас мықты мамандарды тәрбиелеп, колледжде басшылықтан зейнет жасына шыққан Александр Самойленконың иығына шапан жауып, алғыс білдірдік.

Негізі сараптап қарасақ, жергілікті халықтың 80%-ын орыс ұлты құрайтын Риддер қаласына қоныс аударғандардың басым бөлігі Отырар ауданынан екен. 30 жасында орда бұзып, тау асып келген Абылай Адасханов Отырардың Шеңгелді жерінен. Шаңырағын Оңтүстіктен шығысқа көшірген жерлес ішкі істер бөліміне жұмысқа орналасып алыпты. Қазіргі таңда жұбайы Самал Дүйсенбековамен бірге бір ұл өсіріп отыр. Осыдан бірнеше жыл бұрын қолына диплом ұстаған Абылай жұмыссыз көп уақыт жүрген. Туған жерінде қызметте

Шығыстағы Шемонайха шақырады



Суретте: Шемонайха ауданына қоныс аударған Жамбыл Асылхан

Шығыс Қазақстандағы Шемонайха ауданында 45 мың халық бар. Облыс орталығы Өскемен қаласынан 100 шақырым қашықтықта орналасқан. Уба өзенінің жағасындағы аймақ 1928 жылы құрылған. Алтай тауының етегінде орналасқан Шемонайхада жазы - қоңыржай жылы болса, қысы - суық болып келеді. Тұрғындардың негізі ауыл шаруашылығы және ауыр өнеркәсіппен айналысуда. Жүз түрлі жұмыс орны бар ауданның бірі бұл. Бос тұрған жұмыс орны өте көп. Бұған себеп, зейнеткерлер ғана қалған. Ал, жергілікті жастардың

оқу іздеп өзге қалаларға кетуіне байланысты, өнеркәсіп өндірісі жастардың күшін қажет етуде.

22 жастағы Жамбыл Асылхан Шемонайхаға 2017 жылдың мамыр айында Түркістан қаласынан қоныс аударыпты. Рухани астанадан ат терлетіп келген жас жігіт алғашында жергілікті тұрғындардың ресми тілде сөйлейтіндігін көріп, таңырқағандығын жасырмады. Бүгінде араласатын ортасын қазақ тілінде сөйлеуге баурап жүрген қаракөз “Уба” шипажайында емдеу ісімен айналысып жатыр.

Өскемен қаласынан 80 шақырым жерде орналасқан шипажай халыққа 2002 жылдан бастап сапалы қызмет көрсетеді. Ардагерлер мен мүмкіндігі шектеулі жандардың денсаулығын жақсартатын медициналық мекемеде жұмыс жасап жатқан Жамбыл Асылхан жастар жұмыс жоқ демесін, түрлі желеумен туған жерден жырақтамаса екен деп астарлы ойын айтып қалды. Жас маманның алдағы мақсаты - тәжірибе жинап, ат-баба жатқан топырақты қараусыз қалдырмай, ізін жалғар ұрпақ тәрбиелеу.

Ал, Кентау қаласынан келген Жұлдыз Құрбанова да шығыстың Шемонайха-сын шырайландыруда. Ішкі саясат бөлімінде теолог қызметін атқарып, діни мәселелерді реттеуге ықпалын тигізіп жатыр. Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетін бітірген жас маман бір жылдан бері Ресей шекарасына жақын аймақта еңбек етуде.

Қазіргі таңда, Шемонайха ауданында қоныс аударушыларға арналған 5 қабатты, 60 пәтерлі тұрғын үй салынып жатыр. Жұмыс іздей келген барша азамат-



Әлихан СМАЙЫЛОВ -

Қазақстан Республикасының қаржы министрі



«Әлихан Асханұлы Смайылов Қазақстан Республикасының қаржы министрі болып тағайындалсын, ол Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі қызметінен босатылсын», — делінген, Мемлекет басшысының Ақорданың ресми сайтында жарияланған Жарлығында.

Әлихан Смайылов еңбек жолын 1993 жылы «А-Инвест» инвестициялық-жекешелендіру қорының бас маманы болып бастап, бөлім басшысының орынбасары, ҚР ұлттық статистика агенттігінің басқарма басшысы; ҚР Статистикалық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Статистика және талдау комитеті төрағасының орынбасары; бас сарапшы, экономика секторының меңгерушісі, ҚР Президенті өкімшілігінің мемлекеттік инспекторы болып қызмет атқарған. 1999–2003 жж. — ҚР Статистика агенттігінің, 2003–2006 жж. — ҚР сыртқы істер вице-министрі, «Экспорттық несиелер мен инвестицияларды сақтандыру жөніндегі мемлекеттік сақтандыру компаниясы» АҚ басқарма төрағасы болып жұмыс істеді. 2006–2009 жж. — ҚР қаржы вице-министрі, «ҚазАгро» ҰХ президенті, 2009–2014 жж. — ҚР Статистика агенттігінің төрағасы. 2014–2015 жж. — ҚР ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитетінің төрағасы.

Талғат ЕШАНҚҰЛОВ

Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің төрағасы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен Талғат Илиясұлы Ешенқұлов ҚР Білім және ғылым вице-министрі лауазымынан босатылды.

Талғат Ешенқұлов 1999 жылы М. Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетін және 2010 жылы ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Ұлттық мемлекеттік саясат мектебін тәмамдаған. Экономика және құқықтану саласында біліктіліктері, сонымен қатар «Мемлекеттік және жергілікті басқару» бейіні бойынша PhD докторы ғылыми дәрежесі бар. 2006–2012 жылдары Индиана университетінде, Сингапур ұлттық университетінің Ли Куан Ю атындағы Мемлекеттік саясат мектебінде, Дьюк университетінің Сэндфорд мемлекеттік саясат мектебінде, Голландия мемлекеттік басқару институтында мемлекеттік басқару және аудит мәселелері бойынша оқыту бағдарламаларынан өткен.

Еңбек жолын 2000 жылы сот жүйесінің органдарында бастаған. ҚР Қаржы министрлігінде, ҚР Жогарғы Сотында, Республикалық



бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінде өртүрлі басшы лауазымдарын атқарған. 2007–2011 жылдары ҚР Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитеті Жамбыл облысының Балалардың құқықтарын қорғау департаментін басқарған.

2016 жылдың шілде айында Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті төрағасы орынбасары қызметіне тағайындалған. 2018 жылғы наурыз–қыркүйек аралығында негізгі қызметкердің әлеуметтік демалысы уақытында ҚР Білім және ғылым вице-министрі лауазымын атқарған.

ТҮРКИЯ КОМПАНИЯЛАРЫ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНА 625 МЛН. АҚШ ДОЛЛАРЫН ҚҰРАЙТЫН ИНВЕСТИЦИЯ САЛУҒА ДАЙЫН



12 қыркүйекте Түркия астанасы Анкара қаласында қазақстандық-түркиялық бизнес форум өтті. Оған қос елдің 200-ден астам ресми тұлғалары мен ірі кәсіпкерлері қатысты. Түркістан облысының делегациясын бастап барған аталмыш өңір басшысының орынбасары Ербол Тасжүреков Түркияның ірі холдингтері мен компаниялары басшыларымен келіссөз жүргізді. Түрік инвесторларына Түркістанның инвестициялық тартымдылығы мен ары қарай дамытуға және кеңейтуге болатын салалары таныстырылды. Атап айтсақ, жеңіл өнеркәсіп, агроөнеркәсіптік кешен және туризм саласындағы мүмкіндіктер сараланды.

Келіссөздер нәтижесінде 30 жылдан бері бизнес саласында көшбасшылардың бірі атанып жүрген Түркияның «DAL Holding Investment Company» холдингі Түркістан облысының 200 га жер аумағында инвестициялық құны 500 млн. АҚШ долларын құрайтын жылыжай салуға ниет білдірді. Жобаны жүзеге асыру барысында жылыжай аумағында тоңазытқыш әрі көкөніс қоймасы салынады. 1000-нан астам жұмыс орны ашылады.

Түріктің тағы бір «Dilmen Deko-

rasyon inç. Taah. Tic. Ltd Fti» атты компаниясы 2019 жылы Түркістан облысында жиһаз шығаратын фабриканың құрылысын бастауды жоспарлап отыр. Тартылатын инвестиция көлемі 5 млн. АҚШ долларын құрайды. Жоба жүзеге асса, 130-дан астам жұмыс орны пайда болады.

Сонымен қатар, баламалы және жаңартылатын энергия көздерін дамыту бағыты бойынша екі ірі компаниялар 50 МВт қуаты бар күн электр станцияларын салуға дайын екендерін білдірді. Жобаның жалпы құны 120 млн АҚШ долларын құрамақ.

Кездесулер мен келіссөздер қорытындысы бойынша Түркістан облысы өкімдігі мен ірі түрік компанияларының арасында жалпы инвестиция көлемі 625 млн. АҚШ долларын құрайтын 4 меморандум түзілді. Қос тарап бұл меморандумдар Қазақстан және Түркияда бизнестің бәсекеге қабілеттілігін арттыратын механизмге айналып, тығыз коммерциялық байланыстарды дамытып, екіжақты инвестициялар көлемінің ұлғаюына және технологиялар трансфертіне негіз болатындығына сенім білдірді.

УНИВЕРСИАДА-2019 АЛАУЫ 20 ҚЫРКҮЙЕКТЕ ТҮРКИЯДА ЖАҒЫЛАДЫ

2019 жылғы қысқы Универсиада итальяндық Туринде өтеді, деп жазады ТАСС.

«20 қыркүйекте Италияда –Туринде 2019 жылғы қысқы Универсиада алауын жағу салтанаты өтеді, оны Халықаралық студенттік спорт федерациясы (FISU) ұйымдастырып жатыр. Турин XXIX Дүниежүзілік қысқы универсиада алауы эстафетасының халықаралық кезеңінің бірінші қаласы болады», — деп хабарлады Красноярск өңірі спорт министрлігінің баспасөз қызметінен.

Хабарда нақтылағандай, алау жағу салтанаты Мәскеу уақытымен 16.00 –де басталады (Астана бойынша 19.00–ҚазТАГ) және Турин университеті аумағында. Салтанатты шара аясында Красноярск өңірі мен Красноярскінің таныстырылымы өтеді. Алауды красноярскілік сноубордшы,


Олимпиада-2014 қола жүлдегері, Ойын елшісі Николай Олюнин жағады.

«24 қыркүйекте Универсиада-2019 алауын 2017 жылғы қысқы Универсиада өткен елорда мен Алматы қарсы алады. 26 қыркүйекте алау эстафетасының кезеңі Қытайда Хабинде өтеді, ол 2009 жылы қысқы Универсиаданы қабылдаған болатын. 29 қыркүйекте эстафетаның ресейлік кезеңі басталады. Оған елдің 30 ірі қаласы қатысады. Шара 2019 жылдың 1 наурызында Красноярскіде аяқталады», — делінген хабарда.

Еске салсақ, жазғы және қысқы Универсиадалар 2 жылда бір рет халықаралық студенттік спорттың қолдауымен өтеді.

Алғашқы студенттік ойындар Туринде 1959 жылы өткен.

Түркия.



Бұл аптада
кімдер
туылған?

19.09.1957 ж.
Оңғарбай Үндемесов
№21 Олимпиада резервтерін дайындайтын спорт мектебінің директоры

20.09.1958 ж.
Қасымхан Бегманов
ақын

22.09.1950 ж.
Несіпбек Айтұлы
ақын, Халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

22.09.1968 ж.
Базарбай Мұсабеков
Түркістан облыстық мәслихатының депутаты, «Баянды - құрылыс компания» ЖШС-нің полиэтилен құбыры зауытының директоры

22.09.1957 ж.
Икрам Хашимжанов
Қазақстан Республикасы өзбектері «Достық» қауымдастығының төрағасы

22.09.1975 ж.
Мағауия Тұрысбеков
Түркістан облыстық мәслихаттың депутаты, «Жаңа арна құрылыс» ЖШС-нің директоры

23.09.1960 ж.
Еркін Жүсіпов
Түркістан облысы Сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы

Құрметті туылған күн иелері!
Сіздерді «Айғақ» газетінің ұжымы туған күндеріңізбен шын жүректен құттықтайды!

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ЖАҢА ГЕРБІНЕ БАЙҚАУ ЖАРИЯЛАНДЫ

Түркістан облысының сәулет және қала құрылысы басқармасының ұйымдастыруымен өңірдің жаңа гербіне үздік эскиздік жобасына байқау жарияланды. Түркістан облысының гербіне үздік эскиздік ұсыныстар 2018 жылдың 3 қазан күні сағат 16:00-де қаралады. Қатысу үшін байқау 2018 жылдың 1 қазанына дейін Түркістан облысының сәулет және қала құрылысы басқармасына тапсырылуы қажет (sauletuko@yandex.ru, 53-95-56). Жеңімпаздар димломмен және қаржылай сыйлықтармен марапатталады. Жалпы жүлде қоры – 1 миллион теңге.

Байқауға жеке және заңды тұлғалар қатысады. Байқауғаталаптары: түсініктеме жазба, эскиздің мақсатын айқындайтын негізгі сызбалар, компьютерлік кескіндеме немесе түрлі-түсті бояумен салынған суреті, жобалар көлемі 90х60 см планшеттерге орналастырылуы қажет.

Байқауға қатысушылардың ұсыныстарын республикаға белгілі сәулетшілер мен сала мамандары қазылық ететін болады.

«Айғақ»-ақпарат.

МЕГАПОЛИСКЕ ТАҒЫ 300 ЖАҢА АВТОБУС АЛУ ЖОСПАРЛАНУДА

Шымкентте биыл 300 жаңа автобус алынбақ, деп хабарлайды Шымкент қаласы өкімдігінің баспасөз қызметі қалалық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының сектор меңгерушісі Наурыз Сүгірәлиевтің сөзіне сілтеме жасай отырып.

Маманның айтуынша, бүгінгі таңда қаладағы автобустардың 47 пайызы тозған, олардың пайдалану мерзімі 8 және 15 жылдан асқан. Осы мақсатта 1 мың автобусты алу көзделіп отыр. Оның 300-і биылғы желтоқсан айына дейін, ал қалған 700 автобус 2019 жылы алынады деп жоспарлануда.

– Шымкенттегі автобус паркін жаңалау үшін, қоғамдық көліктердің қаржысын бөліп алу қарастырылуда. Бұл орайда қалалық өкімдік «БРК-Лизинг» АҚ – Қостанайлық «Сарыарқа автопром» үшжақты меморандум жасалды, — дейді сектор меңгерушісі.

Айта кетсек, қазір қалада 26 көлік компаниясы 1090 кестемен қызмет көрсетеді.

Шымкент.

КОРЕЯЛЫҚ КОМПАНИЯ ТҮРКІСТАНДА ҒИМАРАТТАР САЛУҒА НИЕТТІ

Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев «Хайвилл Қазақстан» компаниясының бас директоры Джон Дэ Кантты қабылдады. Кездесуде екіжақты әріптестікті күшейтіп, Түркістан қаласын дамыту мәселелері сөз болды. Өңір басшысы құрылыс саласында өзіндік орны бар корейлық компаниямен бірлесіп жұмыс істеуге дайын екенін жеткізді.

— Түркістан қаласын дамыту Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей бақылауында тұр. Алдымызда ауқымды міндеттер бар. Қазірдің өзінде Түркістанда ғимараттар салуға көптеген компаниялар қызығушылық танытып жа-

тыр. Сіздерді де бірге жұмыс істеуге шақырамыз. Келіссөзіміз сәтті аяқталса, жер беріліп, инфрақұрылым тартылады. Заман талабына сай нысандарды салуға мүмкіндіктеріңіз бар, — деді облыс әкімі.

«Хайвилл Қазақстан» компаниясының бас директоры Джон Дэ Канг Түркістан қаласында түрлі әлеуметтік нысандар мен көпқабатты үйлер салуға ниетті екенін жеткізді. Кездесуде облыс әкімдігі мен компания басшылығы алдағы уақытта да келіссөздерді жалғастыру жөнінде уағдаласты. Жиыннан соң корейлық компания өкілдері Түркістан қаласын дамыту жөніндегі жобалармен жоспарлармен танысты.



ТОҒЫЗ ЖОЛДЫҢ ТОРАБЫНДА ТАҒЫ БІР БІЛІМ ОШАҒЫ



Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев: «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында «Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жете алады» - деген болатын.

Осы орайда, жаңадан салынған Дермене ауылдық округі, Саналы елді мекенінен 150 орындық «Қаражантақ» жалпы орта мектебінің салтанатты ашылу рәсімі өтті. Әлеуметтік жағынан соңғы жылдары дамып отырған аймақ білім ошағын салуда көш ілгері. Әрине, оған қажеттілік те жоқ емес, себебі демографиялық дамуда түркістандықтар республика бойынша алғашқы орында екендігі жасырын емес.

Білім ошағының ашылу рәсіміне қала әкімі М.Қадырбек, «Нұр Отан» Партиясы Арыс қалалық фи-

лиалының төрағасы И.Қалиев, қалалық білім бөлімінің басшысы Ә.Мұсаев, мекеме, бөлім басшылары мен қызметкерлері, ауылдық округ әкімдері, зиялы қауым өкілдері, ауыл тұрғындары және БАҚ өкілдері қатысты.

Аталған мектептер заманауи құрал-жабдықтармен, компьютер кабинеті, физика-химия кабинеттері мен интерактивті тақта және оқушыларды еңбекке баулитын арнайы кабинеттер талапқа сай жабдықталған. Ашылу рәсімінде қалалық мәдениет үйінің өнерпаздары концерттік бағдарлама ұйымдастырып, өз өнерлерін көрсетті.

Айта кетейік, бүгінгі таңда Арыс қаласында апатты мектептер мен үш ауысымда білім беретін мекемелер жоқ. Қала аумағында 40 білім ошағы болса, оның 26-сы жалпы орта мектеп статусына иеленсе, 5-і бастауыш, ал 9-ы шағын жинақты мектептер қатарына кіреді.

Түркістан облысы әкімдігі аппаратының мәжілісі өтті. Күн тәртібінде екі мәселе қаралды. Алдымен 2018 жылғы 8 айдың қорытындысы мен бюджеттің атқарылуы және 9 айда күтілетін болжам туралы деректер тыңдалды. Бұл жөнінде облыстық қаржы басқармасының басшысы А.Тасыбаев, облыстық білім басқармасының басшысы И.Сағындықов және облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының міндетін атқарушы Н.Бадырақов баяндама жасады.

Облыста мал басы да артқан. Мәселен, 8 айда ірі қара мал басы 30,6%-ға артып, 998,1 мың басты құраса, қой мен ешкі 4,2%-ға артып, 4459,0 мың басқа жеткен. Жылқы 7,9 %-ға артып, 309 мың басты құраса, түйенің саны 5,7%-ға артты. Бүгінде облыста 27,5 мың түйе бар.

2018 жылғы қаңтар-тамызда Түркістан облысы бойынша

ДИҚАНДАР БАҚШАЛЫҚ ӨНІМДЕРІН ЖИНАУДАН РЕКОРД ОРНАТТЫ

Өңір басшысы Ж.Түймебаев бюджетті дұрыс жоспарлап, қаржыны уақтылы әрі сапалы орындау керектігін айтты. Аталған басқарма басшылары мен аудан, қала әкімдеріне жұмысты ширатуды тапсырды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе облыстағы ауыл шаруашылығы саласындағы 8 айдың қорытындысына және саладағы өзекті түйткілдерге арналды. Бұл жөнінде облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының міндетін атқарушы Н.Бадырақов баяндады. Оның айтуынша, биыл өңірде егіс көлемі 807 мың гектарға жетіп, өткен жылмен салыстырғанда (2017 ж. – 798,4 мың га) 9,0 мың гектарға артты. Егіс құрылымы бойынша масақты дақылдар өткен жылғы көрсеткіштен 22,7 мың гектарға артып, 227,4 мың гектарға жеткен. Ал, жүгері 6,6 мың гектарға артып, 43,9 мың гектарға, көкөніс, картоп, бақша 7,5 мың гектарға артып, 113,9 мың гектарды құраған.

Елбасы Н.Назарбаев өзінің «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауының ауылшаруашылық саласын дамыту бағытында «Мемлекет бизнеспен бірлесіп, отандық өнімді халықаралық нарыққа шығарудың стратегиялық жолын тауып, ілгерілетуге тиіс.



Ауылшаруашылығын қарқынды дамыту өнімнің сапасы мен экологиялық тазалығын сақтау отырып жүргізілуі қажет», деп нақты тапсырма берген болатын. Бұған дейінгі Жолдауларында да Мемлекет басшысы ауылшаруашылық саласын дамытудың нақты бағыт-бағдарын айқындап берген болатын және өз кезегінде мемлекет тарапынан кәсібін өрге домалатамын деген шаруашылық иелеріне қаржылай қайтарымсыз, төменгі пайыздық ұзақ мерзімді несиелер беріп қолдауда.

Биыл масақты дақылдардың әр гектарынан орташа есеппен 17,8 центнерден өнім алынып, 405,0 мың тонна дән қамбаға күйылды. Майлы дақылдардың 80 пайызы, яғни, 54,2 мың тонна өнім жиналған. Көкөніс, картоп, бақша дақылынан 2,7 млн. тонна өнім жиналып, рекордтық көрсеткішке қол жеткізілді. Ағымдағы жылы 6,9 мың гектарға тамшылатып суару әдісін енгізу тапсырмасы беріліп, 92%-ға (6,4 мың гектар) ендірілді. Жалпы көлемі – 64,3 мың гектарға жетті.

ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы 249 998,2 млн. теңгені құрады. Бұл өткен жылғы тиісті кезеңінің деңгейінен 3,4%-ға жоғары.

Жиында облыс әкімі Ж.Түймебаев ауыл шаруашылығын жетекші салалардың бірі ретінде дамытып, көрсеткіштерді жақсарту, шаруашылықпен айналысатын азаматтарға қолдауды күшейту жөнінде тапсырма берді.

Түркістан облысы климаттық жағдайы жеміс-жидек пен жүзім шаруашылығын дамытуға ең қолайлы өңір. Облыста жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің барлық егіс көлемі – 30 мың гектарды алып жатыр. Оның ішінде жеміс – 19,5 мың гектар, жүзім – 10,5 мыңды гектар құрайды.

Ағымдағы жылы облыс әкімі Жансейіт Түймебаевтың тапсырмасына сәйкес, қосымша 0,94 мың гектар қарқынды бау, 0,57 мың гектар жүзім, 0,207 мың гектар жаңғақ егілді. Жалпы облыс бойынша қарқынды баудың көлемі – 3,7 мың гектарды құрайды.

Жалпы, бау шаруашылығынан түсетін табыс мақта шаруашылығымен салыстырғанда 2,5 есе, ал бақша шаруашылығымен салыстырғанда 2 есе артық болатындықтан бау шаруашылығын өркендету ісі облыста қарқын алып, алдағы уақытта қарқынды баудың егіс көлемін 10 мың гектарға ұлғайту жоспарлануда.

ШЫМКЕНТТЕН СЕНАТ ДЕПУТАТТЫҒЫНА 8 АДАМ ҮМІТКЕР

ҚР Парламенті Сенатының депутаттығына Шымкент қаласынан 8 кандидат тіркелді. Бұл туралы ҚР Орталық сайлау комиссиясының ресми сайтында мәлім етілді, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

Берік Имашевтың төрағалығымен өткен жиында Шымкент қаласынан ҚР Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттарды ұсыну және тіркеу қорытындылары қаралды. Шымкент қалалық аумақтық сайлау комиссиясының деректері бойынша, Сенатқа барлығы 9 кандидатты ұсынылды. Оның екеуін Шымкент қаласының мәслихаты ұсынса, жетеуі - өзін-өзі ұсынған. Алайда, сайлау комиссиясы тек 8 кандидатты тіркеген. Енді үміткерлер сайлауалды үгіт-насихат жұмыстарын жүргізеді. Ол 15 қыркүйектен 4 қазанға дейін жалғасады.

Отырыс барысында ОСК мүшелері, сондай-ақ Сенат



депутаттарын сайлауды электрондық сүйемелдеу үшін, Ортсайлаукомның интернет-ресурсын пайдалану туралы мәселені қарады.

Еске салайық, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сай 2018 жылғы 5 қазанда Шымкент қаласынан Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттары сайлау болады. Сайлау Сенат депутаттарының екі мандаты бойынша бір мезгілде өткізілмек. Шымкент қаласынан сайланатын сенаторлардың өкілеттік мерзімі 2014 және 2017 жылдары республиканың басқа өңірлерінен сайланған Сенат депутаттарының өкілеттік мерзіміне сәйкес келеді деп күтілуде.

Тауар нарықта-рында алыпсатарлық бағаның өсуіне жол бермеу туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті (бұдан әрі - Департамент) Комитеттің 2018 жылғы 7 қыркүйектегі № 35-11-17 / 1387 тапсырмасына сәйкес, қазіргі таңда доллар бағамының көтерілуіне байланысты орын алған жағдайға қатысты келесіні хабарлайды.

Қазіргі жағдайда жекелеген нарық субъектілері түрлі тауарлардың, соның ішінде отандық өнімдердің сату бағасын жасанды түрде көтеруіне (қымбаттатуына) бағытталған түрлі алып-сатарлық әрекеттері орын алуы мүмкін.

Осыған байланысты, сондай орын алған әрекеттер, сондай-ақ, тауарларды өндіру мен өткізуді негізсіз шектеуге бағытталған әрекеттері Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексімен (бұдан әрі - Кодекс) тыйым салынған бағаны белгілеу және ұстап тұруға бағыт-

АЛЫПСАТАРЛЫҚ БАҒАНЫН ӨСУІНЕ ЖОЛ БЕРМЕІЗ...



талған бәсекелестікке қарсы келісілген іс-әрекеттер мен бәсекелестікке қарсы келісімдер, үстем жағдайды теріс пайдалану белгілері Департаментпен қарастырылуы мүмкін.

Сонымен қатар, осындай әрекеттерді жасау үшін Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 159-бабына сәйкес, барлық монополиялық кірістерді (негізсіз алынған табыс) тәркілей отырып, кірістердің (түсімдердің) 3% -дан 5%-ға дейінгі мөлшерде әкімшілік жауапкершілікке тарту қарастырылған.

Кодекстің 90-2-бабында монополияға қарсы органның міндеттерінің бірі монополияға

қарсы заңнаманы бұзудың алдын алу болып табылады.

Осыған байланысты, Департаментпен аталған фактілер бойынша монополияға қарсы заңнаманы бұзушылықтарды тергеуді болдырмау және тиісті шаралар қабылдау үшін, Қазақстан Республикасының қолданыстағы қатаң заңнамасына сәйкес қызмет көрсету қажеттілігін ескертеміз.

Сонымен қатар, басқа нарық субъектілердің, сондай-ақ тауар бағасының өсуіне әсер ететін жеткізушілер тарапынан бағаның өсуі орын алған жағдайда, Сіздерге сол субъектінің атауын, мекен-жайын, телефон нөмірлерін, жеткізу бағаларын және Сіздің сату бағаңызды көрсете отырып, тиісті ақпараттарды (негізді материалдарды, шот-фактуралардың көшірмелері, және т.б.) жолдау қажет екендігін хабарлаймыз.

Ақпараттарды мына мекен-жай бойынша: Шымкент қ., Тәуке хан даңғылы, 82, 2 қабат, 211 кабинет, тел.: 8 (7252) 53-42-75 (тауар нарықтарында монополияға қарсы заңнаманы бұзушылықтарды тергеу бөлімі) жолдауыңызды сұраймыз.

Ақпараттарды мына мекен-жай бойынша: Шымкент қ., Тәуке хан даңғылы, 82, 2 қабат, 211 кабинет, тел.: 8 (7252) 53-42-75 (тауар нарықтарында монополияға қарсы заңнаманы бұзушылықтарды тергеу бөлімі) жолдауыңызды сұраймыз.

Назар аударыңыз

Шымкент қаласы мәслихатының депутаттары мен қала халқының назарына!

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10 бабына сәйкес, Сіздерді алтыншы шақырылымдағы

Шымкент қаласы мәслихатының кезекті отыз жетінші сессиясы 2018 жылғы 26 қыркүйекте сағат 11.00-де Шымкент қаласы, Астана даңғылы, 10 мекен-жайында орналасқан Әкімшілік іскерлік орталығының ғимаратының үлкен залында өтетіні туралы хабардар етемін.

Сессияның қарауына келесі мәселелер ұсынылады:

1. Шымкент қаласы мәслихатының 2018 жылға арналған жұмыс жоспарына өзгерістер енгізу туралы.
2. Шымкент қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының есебі туралы.
3. Шымкент қаласының энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасының есебі туралы.
4. Шымкент қаласының ішкі саясат және дін істері басқармасының есебі.
5. Шымкент қаласының кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасының есебі туралы.
6. Шымкент қаласы мәслихатының кезекті сессиясының төрағасын сайлау туралы және басқалар.

Шымкент қаласы мәслихатының хатшысы
Н. Бекназаров



Бетгі дайындаған: Ақерке ИСМАНОВА.

ШЫМКЕНТТЕГІ МЕДИЦИНАЛЫҚ МЕКЕМЕЛЕР ЕНДІ ҚАПАЙ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ?



Шымкенттегі медициналық мекемелер халыққа бұрынғыша көмек көрсете береді

Шымкенттегі барлық медициналық мекемелер әкімшілік бағыныстылығына қарамастан, халыққа бұрынғыша көмек көрсете береді. Бұл

туралы Шымкент қалалық Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Нұрлан Қасымов айтты.

— Яғни, облыстық клиникалық аурухана дәл баяғыша облыс тұрғындарымен қатар, қала тұрғындарына да көмек көрсетеді. Ал, егер, қаланың иелігіне өткен кардиоорталыққа келер болсақ, тұрғын қалада немесе Түркістан облысындағы тұрғылықты мекенжайына қарамастан, аурухана көмегіне жүгіне алады, — деп атап өтті басқарма басшысы.

Басқарма басшысының сөзінше, тұрғындарға әкімшілік бөлініс әсер етпей, баяғыша қажет кезде көмек ала беруі керек. Мұны екі әкімдік те, Денсаулық сақтау министрлігі де қолдап отыр. Сондықтан, облыста және қалада тиісті медұйымдар болмағанша осылай жалғаса бермек.

Еске сала кетсек, аумақтық бөліністен соң Түркістан облысының меншігінде облыстық клиникалық аурухана, балалар ауруханасы, екі перинаталды орталық, туберкулезге қарсы және психоневрологиялық диспансер қалған болатын.

«ҚЫРҒЫ БАЗАР» ТУРИСТІК АЙМАҚҚА АЙНАПАДЫ

Шымкент қаласындағы «Қырғы базар» туристік аймаққа айналмақ. Қараша айының соңында бұл аумақты үлкен өзгерістер күтіп тұр, деп хабарлайды Шымкент қаласы әкімдігінің баспасөз қызметі.

Жауапты мамандардың ай-

туынша, «Қырғы базар»-дың кіреберіс алаңында жаңа гүлзар пайда болады, сондай-ақ кіреберіс қақпалары қалпына келтіріледі. Олар шығыстық үлгіде жасалынбақ.

Жоспар бойынша, базардың алды ғана емес, базардың өзі де жаңа кейіпке енбек.

— Бұл жер тұрғындарға қолайлы әрі жанға жайлы демалыс сыйлайтын аумақ болады деп көзделіп отыр. Мұнда келушілердің қауіпсіздігі үшін Fake ID және Touch ID жүйесін іске қосу да жоспарда бар, — дейді әкімдік өкілдері.

Жамбыл облысы

ШАҒЫН НЕСИЕ БЕРУ МЕКЕМЕСІ ҚҰРЫЛАДЫ

Бұл туралы Жамбыл облысының әкімдігінде өткен жиында айтылды. Мекеменің негізгі мақсаты мен жұмыс істеу жүйесі туралы «Тараз» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы» ҰҚ АҚ – ның басқарма төрағасы Нүркен Шәрбиев баяндады, Жамбыл облысы әкімдігінің баспасөз қызметі.

Қазіргі таңда өңірде жұмыспен қамту бағдарламасы бойынша кезекте 3700 адам тұр десек, олардың көбі өз ісін бастауға ынталы. Ал Атамекен кәсіпкерлік палатасының «Бастау Бизнес» жобасы бойынша мың жас арнайы курстарда оқуда. Олардың тең жартысы шағын несие алуға дайын. Аталған орталық осындай ынталы азаматтарды тиімді шарттарға негізделген шағын несиенен қамтитын болады.

Айта кету керек, бұл тікелей облыс әкімі Асқар Мырзахметовтың бастамасынан туындап отырған жоба. Өңір басшысы бұл арқылы өз кәсібін ашуға ынталы талапты адамдарды қолдай отырып, облыс экономикасын арттыруды мақсат етуде. Ол үшін жергілікті кәсіпкерлерді игі жобаға атсалысуға тарту көзделуде. Олар барлығы

51 миллион теңге құюы керек. Екінші кезекте акционер аталатын Тараз әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы 49 миллион теңге қаржы салады. Осылайша 100 миллион теңге жиналғанда, мекеме жалпы 1 миллиард теңге көлемінде шағын несиелер бере алады. Бұл көрсеткішті үш жылда 3 миллиард теңгеге жеткізу жоспарлануда. Қазір мекемені тіркеу жұмыстары жүргізілуде.

Айта кету керек, мекеме тіркелгеннен кейін арнайы бір ғимаратқа ыңғайластырылып, оншақты штаттық деңгейде құрылып, мамандар өз жұмыстарымен жүйелі түрде айналыспақ. Құжаттық жұмыстар толығымен аяқталғаннан соң, ұсыныс бойынша несиелендіру жұмыстары келер жылдан бастау алады. Шағын несиені әр адам 19 миллион 240 мың теңгеге дейін ала алады. Талаптар мен шарттар ұлттық банктің бекіткен ережесіне сай іске асырылады. Несие шарттары тек қаржылай ғана емес, лизингке техника алуға да мүмкіндік береді.

Жиынға қатысқан кәсіпкерлер өз еріктерімен бастамаға қолдау танытып, қаржы аударуға дайын екендіктерінен жеткізді.

Қарағанды облысы

**ХАЛЫҚ ҮШІН
ТЕГІН
ЗАҒЕРЛІК
КЕҢЕС**



Қарағанды облысының Әділет департаменті «Әділет кеңес береді» акциясын өткізеді. Барлық қалаушылар 21-ші қыркүйекте сағат 10.00 мен 12.00 аралығында «Нұр Отан» партиясы бөлімшесінің ғимаратында тегін заңгерлік кеңес ала алады, Қарағанды облысы әкімдігінің баспасөз қызметі.

- Мұндай шаралар бізде әр тоқсан сайын өтіп тұрады. Кезекті акция 21-ші қыркүйекте өтеді, ол «Нұр Отан» партиясымен бірлесе ұйымдастырылды. Бұл күні Қарағанды облысы Әділет департаментінің барлық құрылымдарының қызметкерлері келушілерге тегін кеңес береді. Сонымен қатар, акция аясында келушілер қорғаушылардан, нотариустар мен жеке сот орындаушыларынан тегін кеңес ала алады, деп түсіндірді құқықтық түсіндіру және құқықтық көмек көрсету бөлімінің бас маманы Мейраш Мұздыбаева.

Анықтамa телефоны: 42 00 62. «Нұр Отан» партиясының бөлімшесінің мекенжайы: Қарағанды қ., Алиханов көш., 4.

Ақтөбе облысы

ЕКІ ЖАНА КӨПІР АШЫЛДЫ



Ақтөбеде екі жаңа көпірде көлік қозғалысы ашылды. Салтанатты рәсімге облыс әкімі Бердібек Сапарбаев қатысты. Бірінші нысан 11 шағын аудандағы Сазды өзенінің үстінен көпір арқылы өтетін нысан. Оның құрылысы ағымдағы жылдың сәуір айында басталды. Аяқтау 2019 жылға жоспарланған. Дегенмен, жол қозғалысы жағдайын жақсарту үшін нысан тез арада пайдалануға берілді. Көпірдің ұзындығы - 42 метр, ені - 22 метр. Құрылым 44 бетон қадалармен нығайтылды, деп хабарлайды Ақтөбе облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Атап өтейік, көпірдің барлық металл элементтері жергілікті өндірушілерді қолдау мақсатында Ақтөбе металл құрылымдар зауытында жасалған. Жобаның құны - 348 миллион теңге. Бұдан басқа, көптен күткен ферроқорытпа зауытының аумағында Ақтөбеден шығуға арналған көпір өткелінің ашылуы өтті.

2017 жылдың маусым айында басталған жобаның құны 2,1 миллиард теңге. Айта кету керек, жол өткелі тек 2019 жылы пайдалануға беріlmek болатын. Дегенмен, өткелдің құрылысын тездету туралы шешім қабылданып, жұмысшылар екі ауысымда жұмыс істеді. Бұл көлік қозғалысын азайту және тұрғындар жағдайының ың-

ғайлылығы үшін іске қосылды. Жоба әлі аяқталған жоқ, асфальттың екінші қабаты төселіп, абаттандыру, жарықтандыру жұмыстары жалғасады.

- Мемлекет басшысының қолдауының арқасында, біз осындай ірі жол жобаларын жүзеге асыру мүмкіндігіне ие болдық. Мұндай көпір салу оңай іс емес. Үш жылды қажет ететін жобаны халықтың тілегін ескере отырып, біз тек бір жарым жыл ішінде аяқтадық. Сонымен қатар, жол екі жарым айға ғана жабылды. Бүгін біз көлік қозғалысы үшін жолды аштық, әлі де іргелес аумақты көгалдандыру және абаттандыру бойынша жұмыстар жалғастырылады. Ақтөбе қаласының барлық тұрғындарын осы іс-шарамен құттықтап, жол құрылысын салушыларға өздеріне берілген тапсырманы қысқа мерзімде орындағандары үшін үлкен алғысымды білдіремін, - деді облыс әкімі.

Жаңа жол өткелінің ұзындығы 66,85 метрді құрайды. Бұл қаланы «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізімен, сондай-ақ «Ақтөбе-Мөртөк» автожолында автокөлік құралдарына арналған теміржол жолдарының кедергісіз және қауіпсіз қиылысуын қамтамасыз етті. Бұрын осы аумақта үнемі автокөліктер кептелістері қалыптасқан болатын.

Облыстың ет кластерін дамытуға Арқалық қаласы зор үлесін қоспақ. Себебі, мұнда қазан айында ет өңдеу кешені іске қосылады. Шұжық өнімдері мен консервіленген ет шығаратын жаңа өндіріс орны жылына 1 мың тонна дайын өнім шығарады деп күтілуде. Арқалық қаласының әкімі Елдар Күзембаевтың сөзінше, жобаның жалпы құны - 2 млрд теңге. «Қазіргі уақытта ғимараттың ішкі жұмыстары жүргізіліп жатыр. Төбесі мен сыртқы әрлеу жұмыстарын аяқтадық. Мал сою пунктіне сәндвич панельдер орнатылып, жылу және жарық жүйесі жүргізілді. Осы жылдың тамыз айында «Тобыл» кәсіпкерлікті қолдау корпорациясынан үш пайызбен несие алып, 500 млн теңгеге құрал-жабдықтар сатып алынды. Оның ішінде Польшадан етті қайта өңдейтін құрылғы алдырдық. Құны 250 млн теңге тұрады. Енді Арқалықта ет өнімдері көбейеді. Стейк, шұжық тағамдары өзімізден шығады», - деді Елдар Күзембаев.

Ет комбинатына Украинадан құны 42 млн теңге болатын консервілеу аппараты әкелінді. Сондай-ақ, жоба жетекшісі «Торғай-Ет» ЖШС Қытайдан

Қостанай облысы

**АРҚАЛЫҚТА ЗАМАНАУИ
ЕТ КОМБИНАТЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ**




консервіленген өнімді қайнатуға арналған жабық қазандық сатып алды. Бұған 15 млн теңге жұмсалды. Мал сою цехында ішек-қарын тазаланатын және тері сақтайтын қойма бар. Сиыр еті тоңазытқыштарда -36 градус температурға дейін сақталады. Айта кетейік, шұжық

және консерві цехы басқа өңірлерден технологтар келген соң, өз жұмысын бастайды. Ет комбинатында тұрақты 120 жұмыс орны ашылады. Өз кезегінде Архимед Мұхамбетов жергілікті кадрларды дайындау жұмыстарына баса назар аудару қажеттігіне тоқталды.

Павлодар облысы

ДЕНСАУЛЫҚҚА АПАРАР ЖОЛ



24 қыркүйек күні Павлодар облысына аймақ тұрғындарына медициналық көмек көрсететін «Саламатты Қазақстан» пойызы келіп тоқтайды. Мамандандырылған медициналық пойыздың құрамында: кішігірім хирургиялық

оталарды жасайтын терапевтер, тіс дәрігерлері, педиатрлар, невропотологтар, көз дәрігерлері, ЛОР-лар, гинекологтар, хирургтар, урологтар және маммологтар. Пойызда барлық қажетті диагностикалық процедуралар жасалады, - рентген, флюорография, ЭКГ, УДТ, ФГДС, УДЗГ, клиникалық-биохимиялық талдаулар.

«Саламатты Қазақстан» пойызы Павлодар облысының 17 станциясын қамтымақ. Пойыз жұмысын Бозшакөл станциясынан бастайды. Дәрігерлер 10-ыншы қазанға дейін демалыссыз жұмыс істейтін болады. Себебі олардың басты мақсаты - неғұрлым көп халыққа - темір жол станциялары мен алыс жақтағы ауылдар тұрғындарына қызмет көрсету. Облыс орталығына бару мүмкіндігі жоқ өз денсаулығына алаңдай-

Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарындағы студенттік өмірімді үнемі сағынышпен еске аламын. Әсіресе, тағдыр тоғыстырған Әлімғазы Дәулетханұлын соншалықты махаббатпен сүйсіне әңгімелеп баяндаудан бір жалыққан емеспін. Әрдайым осылай өткен күндерді Әлекеңмен байланыстырып еске алу, маған ерекше қуаныш пен шаттық әкелуші еді. Ол дүбірі дүрілдеп тұрған Алматыда, мен тіршілік түйткілі шағын ауыл Екпіндіде күн кешудеміз. Бір-бірімізбен хабарласқанша асығамыз. Өмір белеңінің сәтті де, кейде сәтсіз де кезеңдерінде Әлекеңнің қажыр-қайраты, азаматтық ұстамы, ағалық ақылы мен адамгершілік парасаты маған да көмектесті. Сөйтіп, жан досым Әлімғазы Дәулетханұлын өміріме өлшем тұтқан жайым бар.

Біз алғашқы рет 1972 жылы Шымкент қаласындағы педагогикалық институт алдында кездестік. Кезекті білім алу дәрістері аяқталып, институт есігінен шыға берген маған сонадайдан бейтаныс бір кісі: «Ассалаумағалейкум»-деп амандасты. «Уағалейкумассалам»-деп, мен де сәлемін қабыл алып, қол алысып амандастым. Ол кездегі Кеңес дәуірінде бұлай қазақшалап білім ордасының алдында амандасу оғаш көрініске жататын. Жылқы кісінескенше, адам сөйлескенше дегендей, бірден шүйіркелесіп сөзіміз жарасып кетті. Таныстық. Мен пединституттың математика факультетінде бірінші курста оқимын. Әлекең сол пединституттың шаруашылық бөлімінде қызмет етеді екен.

Байқай бермейміз, әйтпесе, өзінен бұрын өзгені ойлайтын, жандүниесімен маңайын нұрландырып жүрер азаматтар болады. Сондай жаны нұрлы, алысты жақындатып жүрер, қолынан келгенше қазақ қоғамын алаламай, тұтас сүйер жайсаң азамат екен Әлекең. Ондай жандар көп емес қой. Сыырдың бүйрегіндей қырық бөлек болып бара жатқан мына өзімізшіл

қазақ қоғамына Әлекеңдей азаматтар жетіспей тұрғаны анық байқалатын. Ол қаладағы жұмысшы жастар жатақханасындағы 100-ші бөлмеде тұрды. Мен бірнеше бес қабатты жатақханадан кейінгі пединституттың № 2-ші физматтар жатақханасында тұратынмын. Бір-екі жыл жоғарғы оқу орынына оқуға түсе алмай, сегіз айлық дайындық бөлімінде оқып, оқуға түскен мен өзімнен үш-төрт жас кіші ұл-қыздармен бірге оқитынмын. Әлекеңдей атпал азаматты серік ету қисыны осылай келе кетті. Жатақханадағы жастардың у-шуынан алшақтап, Әлекеңнің бөлмесіне барып, оңашаланатынмын.

Сұрқия саясаттың кесірінен сонау Қытай елінің шекарасының арғы жағында қалған туған елі мен туылған жерінен алшақтап, саяси сенімсіз аталып жүрген Әлекеңнің жандүниесінде ашылмай жатқан сыр көп екендігін сезгеніммен, өзі тіс жарып ештеңе айта қоймайтын. Сол жылы Әлекең Шымкент педагогикалық институтының филология факультетінің күндізгі бөліміне оқуға түсті. Қазақ тілі мен әдебиетінен шығарманы араб әріптері негізінде жасалған Ахмет Байтұрсынұвтың әліпбиі бойынша төте жазумен жазып шықты. Барлық емтихандарды өте жақсы бағалармен тапсырған Әлекең сөйтіп, жасы үлкен болғанмен, менен бір курс кейін оқыды. Бұған дейін де бір жоғарғы оқу орынын тауысып, бірқыдыру өмір талқысын көрген оған институтқа түсу емтихандары ғана емес, студенттік өмірдегі барлық емтихандар жеңіл болған еді. Бас-аяғы төрт-ақ жылдық Әлекеңнің студенттік өмірі табысты оқиғаларға толы еді. Мен соның бел ортасында жүрген күндеріме қуанамын. Қазақтың

төте жазуы да, қытайдың иероглифті таңбалары да Әлекеңді шалт ойланып, шапшаң жазуға өбден машықтандырған екен. Ол сол студенттік өмірінің төрт



да әкеліп сынататын. Аптаның әрбір жұмасындағы өнерлі жастар кешін үнемі Насыреддин аға әрқайсымызға жеке тоқталып, ақыл-кеңесін айтып қорытындылайтын. Оңтүстік өңірінен Исрайыл Сапарбаев, Сүгірәлі Сапаралиев, Ханбибі Есенқараева, Тұрсынай Оразбаева, Сатыбалды Қосалиев, Нармахан Бегалиев, Жарылқасын Боранбаев,

лікті сазгерлер Сүгірәлі Сапаралиев, Мұқаметжан Рүстемовтермен кездесу сұхбаттарын ұйымдастыратын. Олардың жаңа өндерін ең алғаш біздің студент жастар үйреніп, содан кейін барып елгетаралатын. Жазушылар Тахауи Ахтановтың «Шырағың сөнбесін», Қабдеш Жұмаділовтың «Соңғы көш» романдары бойынша оқырмандар конференциясын өткізіп, студенттердің шығарманы жан-жақты толық талдап шығуларына мүмкіндік жасаған да осы Әлекең еді.

Әлімғазы Дәулетханұлы бірнеше

Елімізде еңбегі ересен болғанымен, есімі елге кеңінен таныс болмаған тұлғалар аз емес. Солардың бірі - Әлімғазы Дәулетханұлы десек, қателеспейміз. Ол Түркітану мен қазақ тарихы жөнінде елеулі зерттеулер жасаған ғалым.

Кезінде Либай ақын туралы жазған тұщымды мақалалары дақалың жұртты елең еткізген. Әлімғазы Дәулетханұлы үстіміздегі жылы 75 жасқа толғалы отыр.

ӨМІРІМЕ ӨЛШЕМ

жылында үш повесть, оншақты әңгіме және бірнеше ғылыми мәнді мақалалар жазып тастады. Институт жанындағы Саттар Ерубәев атындағы әдеби бірлестіктің белді мүшесі бола жүріп, сол үйірмеге тікелей басшылық етті. Институт мұғалімдері Әбіш Байтанаев, Әсілхан Оспанұлы сияқты білімдер кісілердің ақыл-кеңесіне қанықты. Кілең әнге, күйге, өлеңге, көркемсөзге жаны құмар жігіттер мен қыздар Әлекеңнің маңайына ұйысты. Олар өздері бейім өнер саласына қарай осы бірлестікте шыңдала түсті. Айына екі рет «Сыр», «Талпын» атты қабырға газеттерін үйірме үзбей шығарып тұрды. Жазу машинкасымен басылған өлеңдер мен мақалалар үлкен плакатқа көркем көмкеріліп, институт қабырғасының студенттер жиі өтетін оңтайлы жеріне ілінетін. Оны студенттер түгел оқып, аты-жөніміз тұрса, бір маркайып қалатынбыз. Өлеңі ілінген студент ақын болып қалғандай, мақаласы жарияланғаны жазушы болып кеткендей күпініп қалушы едік. Жазғаны тәуір шыққан студенттерді әр жұмада өтетін шығармашылық отырысқа шақыратын. Шығармашылық отырыс деп отырғаны сол кезде Шымкент қаласында үш облыс ақын-жазушыларының шығармашылық орталығы болатын. Оны белгілі жазушы Насыреддин Сералиев басқаратын. Әр жұма күндері кешке қарай Қызылорда, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарының жас ақын-жазушылары аэровокзал кассасына қарама-қарсы беттегі жұмысшы жастар жатақханасының екінші қабатындағы екі бөлмеге жиналатынбыз. Кеудесінің желі бар талай ұл-қыздардың осы екі бөлме қуанышты сәттерінің куәгері болып еді. Әркім өз шығармасын желпіне оқиды, шырқап айтады. Жаңа шыққан сазды әуендердің де алғашқы тыңдаушылары біздер болып едік. Студенттер арасындағы қылқалам шеберлері де өздері салған суреттерін осын-

Айдар Таштановтар елге танымал болып қалса, Әлімғазы Дәулетханов, Әлібек Тойлыбаев, Байбол Бектұрсынов, Жұмәділ Абуов, Болатбек Ақбергенов, Нұралы Оспанов сияқты студент жастар да өркендеп өсіп келе жатқан болатын. Шығармашылықпен шабыттана айналысып, өндіріп жазған Әлімғазы Дәулетханов ішімізден ерекшеленіп көзге ілінген еді. Облыстық «Оңтүстік Қазақстан» газетінің көптеген номеріне арасы үзілмей жарық көрген оның «Сырымды айтам», атты хикаясы студенттердің шүйіркелескен әңгіме-дүкенінде ауыздан түспеуші еді. Бұл шығарма шынайы шыңдығымен құнды бағаланатын. Бұдан кейін Әлекең студенттік өмірден «Бесінші постулат» атты повесть жазды. Бұл таза психологиялық шығарма еді. Әлекеңнің осы шығармасындағы басты кейіпкердің барлық оқиғалармен неше түрлі психологиялық ситуацияға түсуі менің басымнан өткеннен соң, бұл шығарма менің ең қымбат дүнием болып қалған еді. Шығарманың әрбір деталының мен үшін ерекше өзіндік орындары болатын. Бастан өткен шынайы шыңдықты әдеби тілмен көрсетіп, біздің қоғамымыздағы проблемаларды кейіпкердің жанайқайымен тамаша суреттеген. Сөйтіп, шырқау шегіне жеткізілген оқиға психологиялық стресс қалпында аяқталады. Бұл шығармада бірдебір жасанды образ жоқ. Барлығы өмірде бар, сол кездегі студенттер мен мұғалімдер еді. Кеңестік қоғамға жат іс-әрекеттер болса да, кейбір түйткілді тірліктер шын мәнінде дәл солай өмірде басымыздан өткен болатын. Әлімғазы Дәулетханов менің өмірімдегі ақылман ағам, рухани қамқоршым және сенімді тірегім болды. Әлекең оны осы «Бесінші постулат» повесінде көркем әдеби тілмен шебер жеткізе білді.

Әдеби бірлестік жұмысы жан-жақты жандана түсті. Оның бел ортасында Әлімғазы Дәулетханов жүрді. Жергі-

өндер шығарған сазгер де болды. Біздің С.Ерубәев атындағы әдеби бірлестігіміздегі студенттер шығармашылығына облыстық «Оңтүстік Қазақстан» газеті 1973 жылы 3 ақпандағы санында «Сәт сапар саған, студент!» деген тақырыптағы топтамамен толық бір бетін берген болатын. Сонда Әлекең өнердегі екінші бір қыры сазгерлігін көрсететін «Бақытым едің» өнін нотасымен бастырып еді. Біз оның «Арман-ай», «Неге», «Мөлдір көз валсы», «Достық жыры», «Алмагүл» секілді бірқатар өндерін студенттер жатақханасында топталып айтушы едік. Сонымен қатар Әлекең өзі де төп-төуір ән салатын. Студенттердің көркем өнерпаздар байқауында Естайдың, Біржанның, Мәдидің өндерін қоңыр дауысымен домбыраға қосылып нәшіне келтіре орындап жүрді. Бізді бір-бірімізге жақындатқан сол ішкі дүниеміздің сәйкестігі болды ғой деймін. Ән салғанда Әлекең бар болмысымен образға еніп егіле еңіретіп жіберуші еді. Сөйтсек, өз басындағы қайғы-мұң мен ішкі шерді қоңыр домбыра мен мұңды әнге төгеді екен ғой. Алпауыт екі елде өткізген бүкіл гүмырында тағдыры қыл үстінде жүргенін жанында жүрген студент жолдас-тарына сездірмеуге тырысыпты. Біздің бейқам өмірімізге қызыққанмен, қызғанбай араласа білді. Әлекеңді ерекше адам көретінім де сондықтан. Оған исі қазақтың барлығы бір туған бауырлар. Ойлағаны қазақтың қамы, ұлт ынтымағы, оның жарқын болашағы. Біздің студенттік шағымызда «Ұлы орыс халқымен достастығымыздың 250 жылдығы» тұстас келді. Шығысымыздағы алып көршіміз Қытай елінен Шығыс Түркістанның егемендігін аңсап, жалынды жастық шағын қиын-қыстау қыл үстінде өткізген Әлекең: «Бір елдің отары болғанымызға 250 жыл болды, деп қуанып той тойлаған қазақтан басқа ел көрсемші» - деп күйінетін. «Мен Шекспирді, Гетені қазақша оқып тілдесемін»

деп, шымкенттік орыстармен қазақша сөйлесетін. Қылышынан қан тамып тұрған қызыл империяның кезінде-ақ дәрет суы таза, намазын оқып, ертемен стадионды айнала жүгіріп, ертеңгілік гимнастикамен айналысып, өзін шымыр ширақ ұстады. Шымкенттегі орталық мешітке барып, жұма намазынан қалмайтын. Ал біз болсақ, таза атеистер болатынбыз. Мен сол атеизмнен өте жақсы бағаға білімдар болдым. Лектор ағайымыз орталық мешіттегі санаулы молдалардың бірі болатын. Сөйтіп, бізге дінге қарсы сабақты тиянақты үйрету арқылы мұғаліміміз діндар етіп шығарды. Бірақ ол кезде Әлекеңнен басқамыз имандылыққа толық бой ұсына алмадық. Әлекең бұл жерде де өзінің батылдығын көрсетті. Біз болсақ атеист комсомолдар күнін кешіп, уралап кеткен едік. Әрқайсымыз өз өміріміздегі жеке-жеке магистралымызды /БАМ/ саралап салып кете бердік.

Студенттік өмірдің бар саласына бел шешіп, бекем кірісіп кеткен Әлекең студенттердің ғылыми қоғамының жұмыстарында да белсенділік танытты. Бірнеше ғылыми жобалар мен курстық жұмыстар жазды. Шыңжан қазақ жазба әдебиетінің негізін салған Таңжарық Жолдыұлының поэзиялық мұрасы жөнінде ұлт мүддесіне адал ұстаз-ғалым Әсілхан Оспанұлының жетекшілігімен Әлімғазы

ақшаға шағып санап алатын дайын тамада жоқ. «Оңтүстік Қазақстан» газетінің орынбасары Өскенбай Әмзеев тамада болды. Келіннің бетін ашу ескіліктің белгісі саналғандықтан, жазып дайындап келген беташар мәтіндерін Исрайыл маған ұсынды. Себебі, Исрайыл редакцияда қызметінен босатылып, партшколда оқитын. Кеңестік дәуірде партия қызметкерлері ескіні кеуземей, жаңаны жайрандатып көрсетуге тиіс еді. Коммунистік партия мен оның ізбасары комсомолдың съездерінің шешімдері бойынша ғана пікір айтылып, коммунизм құрылысшыларының комсомолдық тойлары өтетін. Келіннің бетін кім апса, сол ыстық көрінеді дегендей, сөйтіп Әлекеңнің сүйген жары Мәриям ханымның бетін мен ашқам. Мәриям қызылордалық жерлесім болғанмен маған жеңге болып келетін жолы да баратын. Исрайыл Мәриямның басына жамылған ақшәлі орамалдың ұшына байланған оқтауды бір қолымен ұстап, бір қолымен өзі жазу машинкасымен даярлап келген беташар мәтінін маған ашып беріп тұрды. Айқай жиырма бес, деп арылдап тұрған кезім, барымды салып беташарды домбырамен әндегіп аяқтадым. Тойда айтылған тілектер мен шырқалған өндерге теңеу табылмас. Жақсы жайсаң үлкен кісілерден бастап жастар біздерге дейін шат-шадыман

есен жетіп келе жатқан қарт ата-ананы ел болып күтіп алуға Әлекеңнің үйіне жиналып отырмыз. Жоғарыдан төмен ойға қарай отыз сотық жерге Әлекең егіп тастаған баудағы жеміс ағаштардың ішінде серуендеп жүрген бір адам. Барлығы да көңілді. Өзі өнші, өзі сазгер Сүгірәлі Сапарәлиев зор дауысымен өзінің «Жұлдызымын» шырқаса, қазан басында жүрген қыз-келіншектер сиқырлы сезімді үндерімен қосыла кетеді. Қарт ата-ананы ел ақсақалдары, ел аналары, ел басшылары және Әлекеңнің жолдастары болып, жолына шашу шашып күтіп алып, үйге кіргіздік. «Құдайға мың мәртебе тәуба, Әлімғазымды көргеніміз рас па, өтірік пе?!» деп қарт ана егіліп жылап жүр. Ел асып келген Дәулетхан қарттың алдына бас пен бастабақ тартылып ұланасыр той басталып кетті. Ел ақсақалдары ұлағатты өсиеттер айтса, өнерлі жастар өн мен жырдан тойға шашу шашты. Қытай еліндегі көзі ашық Дәулетхан қарт ол жақтағы ел қамынан хабардар етсе, мұндағы тіршілік жайын ел ағалары да баяндауда. Өздерін қызықтырар сұрақтарын екі жақтан да сұрап білгенше асығуда. Кілең шығармашыл жастар Әлімғазының өндерімен бірге өз шығармаларын да орындап жатқан соң, Дәулетхан қарт та өзі жазған жырларды жатқа оқып, күйлерін төгілте домбырамен тартып

тінімді мен де түсінемін. Адамның күні адаммен деген осы екен ғой. Материалдық жағымен ғана емес, моральдық жағынан тигізер пайдасын айтсайшы.

Уақыттан кеш қалмай жаһанданып бара жатқан ұлы көштен қалып қоймау жөн. Мен де жай ғана математика пәнінің мұғалімі ғана емеспін. Мені де қазағымның барлық проблемасы ойландырады. Қазақ халқының ұлттық санасы мен жан дүниесін мазалаған түйткілді ойы ұлттық және мемлекеттік тәуелсіздік еді. Дүниежүзінде халқының саны жөнінен бізден бірнеше есе көп ұлттар мен ұлыстар бар, бірақ олардың егемен, тәуелсіз мемлекеттері жоқ. Бұл тұрғыдан алғанда тәуелсіздікке балама жоқ, ендігі мақсат – «Қазақстан – 2050» стратегиясында айтылғандай, тәуелсіздігімізді баянды ету. Қазіргі жаһандану заманында өзінің ұлттық бірегейлігін терең ұғынған, соған орай қимылдайтын халық қана алпауыт мемлекеттердің жемсауында кетпей, тарих сахнасында сақталып қала алады. Алайда біз әлі де болса көптеген салаларда үйренуші, өзгелердің істегендерін қайталаушы жағдайында жүрміз. Енді бізге алдағы уақыттарда өз ақылымыз, өз даңқымыз өзімізге жететінін де шамалап, өз межемізге өзіміз ұмтылғанымыз жөн. Тәуелсіздіктің ұлттық болмысты қалыптаудың, ұлттық рухты көтерудің, ұлттық

БОЛҒАН ЖАН ЖОЛДАС

Дәулетхан 1976 жылы дипломдық жұмысын қорғады. Бірақ кандидаттық зерттеу жазуға талпыныс жасағанмен оның жолына тосқауыл қойылды. Құрсауы қатты қоғамның тыйымдарына қарамастан Таңжарықты Қазақстан жұртшылығының ауызына іліктіру ойы Әлекеңнің көкірегіне қонақтап, жанын қоярға жер таптырмады. Ол өзінің тұңғыш перзентінің есімін де ырым етіп Таңжарық қойды. Өмірі заманалық талас пен тартыс, арпалыс пен ауыртпалық ызғарының өтінде өткен Таңжарық Жолдыұлы шығармалары бүгінде егемен еліміздің туған әдебиетінің төрінен өзіне лайықты орын алды. Бұл Әлекеңнің арманы еді, арманы орындалды.

Институтты бір жыл кейін бітірген Әлекең бас құрап, үй болу қамына кірісті. Ол кезде мен жолдамамен жіберген Түркменстанның Красноводск қаласындағы №3 қазақ орта мектебінде төрт ай жұмыс істеп, ауылға оралған кезім болатын. Қарт ата-аналарым құжаттар туралап қоймай шақыртып алған еді. Әлекең үзбей хат жазып хабарласып тұрды. Бас құрау ойы барлығын хабарлаған алғашқы достарының бірі мен едім. Әсілхан Оспанұлы ағай бастап, Исрайыл Сапарбаев, Сүгірәлі Сапаралиев, Нармахан Бегалиев, Айтан Нүсіпханов, Жаркен Бөдешов және Әлекеңмен бірге оқыған Сейдахан, Байболдар той қамына жұмыла кірістік. Тойдың бүкіл қам-қарекеті мен дастархан мәзірін сол тұстағы Бөген ауданы парткомының хатшысы Рашит Нұғымановтың арнайы тапсырмасымен аудандық газет редакторы, ақын Нармахан Бегалиев дайындаған еді.

Той Шымкенттің Кожедуб көшесіндегі Сүгірәлінің есік алдында аулада өтті. Тойға Шымкент пединституты мен «Оңтүстік Қазақстан» газетінің ұжымдарынан кілең жақсылар мен жайсаңдар қатынасты. Ол кезде қазіргідей ақысын

ағыл-тегіл ақ пейілмен шат көңілдер тасқыны бір толастар емес. Бірінен бірі өтеді. Қуанышты көңілден күліп жүргенінді де, жылап жүргенінді де ажырата алмайсың.

Аман-есен тойды аяқтаған соң, кілең достар қалып, таң атқанша өлең оқып, ән айттық. Той ертеңіне де ұласты. Қаладағы Исрайылдың үйінде болдық. Темірландағы Нармаханның үйіне барып жыр оқып, ән салудан жалықпаған достар қона жатып, той тойладық. Содан бері мен және менің отбасым Әлекеңнің отбасымен жиі аралас-құралас қатынасып келеміз. Таңжарық, Әсия, Нұрғазылармен менің Арман, Нұрбақыт, Дархан, Гүлбақыттарым тетелес өсіп-өніп, немерелерді өсіріп, думандатып жатқан жайларымыз бар.

Бірде қаншама жыл жеке басы куәліксіз жүрген Әлекең Кеңес Одағының қызыл паспорты сеніп тапсырылды. Әлекең анасынан жаңа туылғандай қуанды. Астына кредитке «Москвич 412» автомашинасын мінді. Қаншама жылдан хабарсыз көріспеген ата-анасын шекарадан күтіп алатын болды. Осының барлығын баяндап маған хат жазды. Ауыл арасы алыс, жете алмай қалама деп дебірсізденгені ғой. Ол Темірланның жанындағы Шұбар ауылында, мен болсам Жаңақорғанның жанындағы Екпінді ауылындамын. Ол кезде қазіргідей қалта телефоны қайда, аудан орталығындағы байланыс орталығына барып тапсырыс беріп, кезек күтіп зорға сөйлесеміз. Хатқа жазғанындай «москвичімен» әкесі мен анасын шекарадан күтіп алып, Алматылатып Шұбарға да жетті ғой. Асармен салып алған Әлекеңнің Шұбардағы үлкен үйінің жан-жағын, көшесін жергілікті атқамінерлер асфальттатып тастаған. Тамыр-танысың болмаса кезегің өмірі жетіп ала алмайтын қызыл телефон зарлап тұр. Телевизор мен радио қазақ өндерінің шырайын шығара шырқауда. Алыстан арып аман-

берді. Біз бұдан Әлекеңнің тақыр жерге өнердің туын тікпегендігін байқадық. Өнерді шын жүректен бағалай алатын және өнерден өзі де құралақан емес әке өнеріне тәнті болдық. Кеудесі сырлы әлемге толы ақын және көкірегінде күй күмбірлеген сазгер екендігін байқадық. Қарт өкенің дауысы қандай керемет! Әлекеңнің бойындағы бар өнер тегін емес, текті жерден атаның қанымен және ананың ақ сүтімен енген сарқылмас мол мұра екенін байқадық. Білімді, өнерлі ортада баласының жақсы тұрмыспен өмір сүріп жатқанын көріп қарт ата-ана қуанып қалды. Біразға дейін ел ауызынан түспеген айтулы той болды. Әлекеңнің ата-анасы сол жолы бес айдай елде болып қайтты.

Әлекеңді ақылман ағам және шынайы қамқоршым болды дейтін себебім, ол кісі осы күнге дейін туған бауырымадай менің отбасыма тілеулес болып келеді. Жастық шақтың желігімен ойым болғанмен, орнын тауып, орнығып кетпеген қыз баланы Әлекең жақсы танитын еді. Екеуіміздің бас қосып, бақытты болып кетуіміз үшін, Әлекең көп әрекет жасады, бірақ реті келмеді. Тағдыр тоғыстырмаған қалпы өмір кешіп кете бардық. Әлекең болса, осы күнгі жанжарым Патимамен бас қосуыма ақыл берді. Патима көрші ауылдан біздің ауылға келіп мектепте сабақ беріп жүрген жас маман екен. Ақылман ағаның арқасында кесе-шайнек сылдырлаған отбасының тәжірибесіз шақтарынан да аман шықтық. Бірде Патима төркінінде жатқан шақта Әлекең Төретамдағы қайын жұрттан қайтып келе жатып, жанұясымен түгел жеңіл машинасымен біздің үйге соқты. Үйге кірместен ұзағынан төркіндеп жатқан Патиманы барып алып келді. Маған да, оған да ақылын айтып жатыр. Патима осы күнге дейін менің қия басқан аяғымды Әлекең қайнағасына жеткізіп тұрады. Ал Әлекеңнен болса, пайда көрмесем зиян шекпей-

тарихи санасын қалыптастырудың маңызды факторы ретінде насихатталуы әлі де болса қажетті деңгейге көтерілмей келеді. Осы орайда, Мұстафа Шоқайдың «ұлттық рухсыз, ұлттық намыссыз ұлт тәуелсіздігі болмайды» деген өсиетін есте ұстанғанымыз жөн сияқты.

Мұстафа Шоқайдың осы пікірін өзіне азаматтық ұстам етіп алған біздің Әлекең ғаламторда бүкіл әлемдік проблемалы тақырыптармен әлем оқырмандарын тандандырып келеді. Әлімғазы Дәулетхан - бүгінде белгілі тарихшы-ғалым. Ғаламтордағы оның «Мұхтархан Оразбайдың 15 өтірігі», «Сенатор Өмірбек Байгелді мырзаға ашық хат», «Қажылық және бәдел қажылықтың беделін түсірмеу үшін», «Құлды бөре-келді өлтіреді», «Сыған серенадасының мен білетін қырлары мен сырлары», «Азат елдің асқақ әуендері қайда», «Орындалмаған арман», «Зейнолла Сәніктің «данышпандық» ойлары жөнінде бірер сөз», «Мұстафаны мұқатқандар» т.б. тақырыптағы құнды еңбектері мен ойлы пікірлері үлкен пікірталасқа ұласып жатыр. Тарихи ғылыми еңбектері бір төбе. Ұлттық парасат болмайынша ешбір асу алынбайтынын түсінген Әлекең денсаулығын күйттемей, ел қамын, ел мүддесін ойлап осылай еңбектеніп жүр. Себебі адамға тән барлық жағымды қасиеттер Әлекең де жат емес еді. Бүгінде жетпістің желкесінен қарап, жарты ортасына келіп қалған Әлімғазы Дәулетханұлына тәуелсіз елімізде шетқақпайлық көрмей, бойындағы бар қасиеттері мен қабілеттерін жастарға беріп кетуіне мемлекет тарапынан жағдайлар жасалуы керек деп білемін.

Сайлаухан ЖАРТЫБАЕВ,
Қызылорда облысы.



Суретте: Ж.ТАШЕНОВ

Еліміздің жаңа тарихи кезеңге «мәңгілік ел» ұранымызбен тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашаққа нық сеніммен аяқ басуы үшін ең бастысы, шартпен белгіленген жеріміз бен шекарамыздың нақтыланып берік болуы. Әлемдік тарих көрсеткендей, жерінен айырылған ұлттардың болашағы болмай, басқа ұлттарға сіңіп, түптің түбінде жойылғаны қаншама.

Жалпы адамдарды сақтап қалатын бір алақандай жер үшін болған, болатын да қырғын соғыстарды ұмытуға болама? Жер дегенде – біріншіден, ол ел экономикасының материалдық көзі, екіншіден, рухани байлық негізі. Алашордашылар Әлихан Бөкейханов: «Жер десе, дірілдемей болмайды: жер мәселесі – негізгі өмір мәселесінің ең зоры», - десе, Ахмет Байтұрсынов: «Жер-мәселесі қазақтың тірі я өлі болуының мәселесі», деп атап көрсеткен. Жер – ұрпақтан ұрпаққа қалдырар мұра және тәуелсіздіктің түп нұсқасы.

Кешегі «Елім, жерім» деп жанын пиде еткен халқымыздың арыстарын ардақтау, ұлтының ертеңін ойлайтын, жарқын бақытты өмірдің негізін қалайтындардың парызы. Өйткені, тарихын біліп, содан өнеге, рухани қуат алған халық қана табысқа жете алады. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс», - деп атап көрсеткені жергілікті жерлерде асалы түрде, шындықпен іске асырылса, нұр үстіне нұр болар еді.

Жаңа жыл алдында «Хабар» теледидарынан қуанышты жаңалық берілді. Ақтөбеде заманауи талаптарға сәйкес келетін 300 оқушыға арналған мектеп іске қосылыпты. Мектепке мемлекет қайраткері, Қазақ советтік социалистік республикасының министрлер кеңесінің төрағасы болған Ж. Тәшеновтың аты беріліпті. Оның Ресейдің ұлан-асыр жерлері бола тұра Қазақстанның тың, тыңайған миллиондаған гектарын аяусыз жыртып қана қоймай, (оның үстіне шақырылғандар құрамында жазасын өтеу-

шілердің болғаны өкінішті) еліміздің біраз жерлерін көршілес республикаларға беру туралы Мәскеудің шешіміне қарсы тұрып, еліміздің жер тұтастығын қорғаған бірден – бір саяси қайраткер тұлға болғаны үлкендер есінде. Осы табандылығы үшін қызметінен босатылған соң, ол кісі біраз жыл Оңтүстік Қазақстан облысының атқару комитетінің төраға орынбасары болды. Мәскеудің қатаң бақылауында болып, 60 жасқа толған күні ол қызметінен босатылып, зейнеткерлікке жіберілді. Соңынан біраз уақыт «Қаракөл ғылыми зерттеу институты» директорының орынбасары қызметін атқарғаны белгілі.

Естмен КЕТПЕС ӨТКЕН КҮНДЕР!

Соңғы қуанышты хабарды естіп, осынау абзал жанмен тағдырдың кездестіргені туралы сыр бөліспекпін.

Ол кезде мен Оңтүстік Қазақстан облысының партия комитетінің өндіріс – көлік комитетінің меңгерушісі қызметінде едім. Бірде кенеттен жұмыс бөлмеме асыл аға Жұмекең кіріп келді. Орнымнан атып тұрып, сәлемдесіп орындық ұсындым. Салмақты мінезді ағаның толқып отырғанын аңғардым. «Қарағым, деп бастады сөзін аға, бұл мекемеде сенімен ғана тілдесем» деді. (Шынымды айтсам, ол кісімен бұрын еш кездеспеген едім). Тыңдаймын сізді, айтыңыз, қандай мәселе?!,- дегенімде, сөзін өрі жалғастырып, «мен Алматыдан келдім, онда Дінмухаммед Ахметұлымен кездестім, сіздерде облыстық ғылыми – техникалық хабар орталығының басшысы қызметі бос екен, Димекеңе сол туралы құлаққағыс жасадым». Ол рас, егер ондай ойыңыз болса, өзіңіз туралы қажетті жеке құжаттарды жеткізсеңіз дегенімде, әрине, әрине» деп орнынан тұрды. Ағаны сыртқа шығарып салдым.

Партияның кадрды дайындау, тағайындау туралы салықалы жүйесі болатын. Өртүрлі деңгейдегі партия комитетінің өздеріне сәйкес қызметтердің бекітілген номенклатурасы (белгілі бір мамандықта қолданылатын атаулардың тізімі) болатын. Біз сөз етіп отырған қызмет біздің бөлімнің номенклатурасына жататындықтан облыстық партия комитетінің бюро мәжілісіне ұсыныс пен қажетті құжаттарды дайындау біздің міндетіміз еді. Әрине, ондай қызметтерге алдын ала өртүрлі сынақтардан өткізілген үміткерлер тізімі жасалатын және олар белгілі еді.

Дегенмен, ағаға қажетті құжат-

тарды дайындап, облыстың аталған қызметіне бұрын дайындалған үміткерлер болса да, Ж. Тәшеновтың кандидатурасын облыстық партия комитетінің өндіріс бойынша хатшысы В.С. Черненкоға ұсындым. Қызмет талабына сәйкес ол кісінің ғылым кандидаты екенін, бұрын облыс экономикасын терең білетінін, өмірлік бай тәжірибесі барлығын алға тартып ұсынысымды барынша дәлелдеп бақтым. Мәскеудің қолдауымен тағайындалған хатшы өзара сыйластықта болсақ та қарсылығын білдіріп, қатаң ескерту жасады. Келіспейтіне көзім жеткен соң, облыстық партия комитетінің екінші хат-

менімен байланысты болатынын жеткізді. Уақыт көрсеткендей ол тағайындалған қызметін үлкен абыроймен атқарып жатты.

Тарихта «Өтпелі кезең» деген атпен белгілі кезеңде Мәскеудегі жоғары басшылықтан «ішімдікке қарсы» үлкен іс-шаралар ала бастаған мезгілде СОКП Орталық Комитетінен Ж.Ташеновтың үстінен арыз хат келді. Онда Ж.Ташенов 70 жасқа толғанын ресторанда атап өткені, оған 100-ге тарта қонақтар қатысқаны және ішімдікке жол берілгені туралы жазылған.

Ағаға қоңырау шалып, келіп кетуін өтіндім. Жылдам жүрісі-

«Алашордашылар Әлихан Бөкейханов: «Жер десе дірілдемей болмайды: жер мәселесі - негізгі өмір мәселесінің ең зоры», - десе, Ахмет Байтұрсынов: «Жер-мәселесі қазақтың тірі я өлі болуының мәселесі», деп атап көрсеткен. Жер - ұрпақтан ұрпаққа қалдырар мұра және тәуелсіздіктің түп нұсқасы.

Кешегі «Елім, жерім» деп жанын пиде еткен халқымыздың арыстарын ардақтау, ұлтының ертеңін ойлайтын, жарқын бақытты өмірдің негізін қалайтындардың парызы. Өйткені, тарихын біліп, содан өнеге, рухани қуат алған халық қана табысқа жете алады. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықты сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс», - деп атап көрсеткені жергілікті жерлерде саналы түрде, шындықпен іске асырылса нұр үстіне нұр болар еді.

шысы В.И. Николаевқа келдім. Ол мені теміржол жүйесіндегі қызметімнен, бір жыл бойы өртүрлі тапсырмалар арқылы сынақтан өткізіп, обкомның нұсқаушылығына өз ұсынысымен қабылдаған еді және Шымкент қорғасын зауытында партия комитетінің хатшысынан осы деңгейге дейін көтерілген Владимир Ивановичтың облыста абыройы да жоғары еді. Бірақ, ол кісі де ұсынысыма қарсы шықты. Еш көнетін түрі жоқ. Ең соңғы үмітін, ол кісінің маған деген ерекше сенімін ескеріп, Ж. Тәшеновтың СОКП Саяси Бюро мүшесі, Қазақстан Компартиясының Орталық комитетінің бірінші хатшысы Д.А. Қонаевтың қабылдауында болғанын хабардар еттім. Ол кісі сәл ойланғаннан кейін, ұсынысымды бюро мәжілісіне сал, - деп келісімін берді. Әрине, бюро мәжілісінде Ж. Тәшенов ағамыз бір ауыздан қолдау тапты. Мәжілістен кейін аға, арнайы келіп, бұдан кейін де тек

мен бойын тік ұстаған, қуатты, ширақ кіріп келді. Орындыққа жайғасқаннан соң, қолына хатты ұстаттым. Асықпай оқып шықты да, өткір көзін жарқ еткізіп, «білем мұны кім жазғанын», деп саңқ етті.

Мұның қалай болғанын сұрадым. Сабырмен түсіндірді. Ол кісіні жақсы білетін, сыйлайтын адамдардың мерейлі жасқа келгенін атап өтуге ұсыныс жасағанын, аға келісімін берген соң, ресторанда бас қосқанын, тіптен, асқа кеткен қаржыны өздері төлегенін жеткізді. Олай болса, ең бастысы берілген асқа төленген қаржы туралы ресми құжат алып келуін, ал қалған мәселелердің тексерілетіндігі туралы ескерттім.

Мәселені тереңірек білу үшін ғылыми-техникалық орталықтың партия ұжымының хатшысы Г. Астраханцеваны шақырттым. Ішкілікке қарсы күрес партия тарапынан қатал бақылауға алынуына байланысты арызда көрсетілген жайттарды

түсіндіруін өтіндім. Ол кісінің бұл хабарды естігенде, қатты қобалжығанын аңғардым. Менің тікелей қойған сұрақтарым, мерей жасты атап өту туралы ұсыныс кімнен шықты және Ж.Тәшенов ресторанда ішкілік ішті ме? – болды. Өзіне өзі келген соң ол, партия ұжымы мүшел жасты өткізуді қолдағанын және ағаның ішкілікке жоқ екенін жеткізді. Олай болса сіздер бұл мәселені қарайсыздар, тек жазықсыз жан дәйексіз жазаланбағаны дұрыс, екенін ескерттім.

Тәртіп бойынша келген арыз Шымкент қалалық партия комитетіне жіберілді. Дегенмен, орталық мекемесі территориялық жағынан (сол кездегі) Дзержинск ауданына қарасты болғанына байланысты ауданның партия комитетінің бірінші хатшысына қоңырау шалдым. Орталық партия комитетіне Ж.Тәшеновтың үстінен арыз түскенін хабарлап, алдын ала мән – жайды сұрап білгенімді, сондықтан ол кісі туралы қоғамдық оң пікірді ескеріп қорытынды жасайсыздар деп сенемін дедім.

Көп ұзамай арыз бастауыш партия ұйымына, аудандық және қалалық партия комитеттерінде қаралғаны туралы ресми жауап алып, соның негізінде партияның Мәскеудегі орталық комитетіне мән жәйді баяндадық. Мәскеуден артынша екінші жазылған арызды тексеруге орталық комитеттің нұсқаушысы арнайы келді. Ол кісінің менімен әңгімесінен түсінгенім, арызда мен туралы жазылған. Әңгіме барысында өз ойымды барынша ашық айттым. Біріншіден, Ж.Тәшенов біздің бөлімнің номенклатурасына жататындықтан, оның өз қызметін талапқа сай абыроймен орындауына біздің де жауапкершілігіміз бар, оған көзіміз де жетті, сондықтан арызды жан-жақты қарастырдық. Әрине біз үшін бастауыш партия ұйымының пікірі де маңызды, сондықтан ұжымның хатшысымен де тілдестім. Екіншіден, хат қалалық партия комитетіне жолданды. Партия комитетінің бірінші хатшысы В.Борисов облыстық партия комитетінің бюро мүшесі., сол кісінің берген жауабына мән беріңіз. Сіздерге жаз берген анықтамада, ол кісінің дәлелін негізге алдық.

Ал егер, бұл мәселе туралы қандайда күдігіңіз болса, қажет деген кісілермен сізбен бірге кездесуге дайынмын. Мәскеулік қонақтентүсініскендей қолтастық.

Аяулы аға өз қызметін әрі қарай жалғастырды. Иә, Ж. Тәшенов өз ісімен көпшіліктің ойынан шығып, игілікті ұстанымымен ел мақтанышына айналған аты мен еңбегі биік «елтұлға» болатын. Сөз жоқ, елін сүйіп, оны қорғап жан аямай қызмет ете білгенді өскелең ұрпақ ұмытпақ емес.

Н.БАЛҚИЯҰЛЫ,

М.Тынышбаев

атындағы қазақ көлік

және коммуникациялар

академиясының профессоры,

Ақтөбе аймақаралық

мемлекеттік университетінің

Құрметті профессоры.

(Жалғасы. Басы өткен санды)

Бірде Шымкент шаһарында белгілі ақын-сатирик Көпен Әмірбеков, інісі Ерсұлтан Әмірбеков және қазақтың белгілі ақыны Төлеген Айбергенов, Шәмші Қалдаяқов, Мұхтар Шахановтарға іні болған Нармахан Бегалиев бәріміз дастархан басында бірге болдық. Нармахан Бегалиев әдебиетті өте терең зерттеген жан екен. Шетелдің ақын-жазушыларының шығармаларын қазақ тіліне аударыпты.

Мәскеу қаласында шығармашылық кешін өткізіпті.

- Сіз Москва қаласында әдеби кешіңізді өткізесіз. Қазақстанға белгілі ақынсыз, Шымкент шаһарында неге өткізбейсіз? Астана мен Алматының ақын-жазушылары Шымкентке келеді! - деді Ерсұлтан Әмірбеков.

Басына тақия киіп алған, қою қара қасты, кербез мінезді жасы жетпістен асқан Нармахан Бегалиев Ерсұлтанға қарап, оның сөзіне риза болғандай, басын ғана изеп күлімсіреді... Риза екенін білдіріп алғыс айтқаны еді...

Сол сәтте менің есіме Нармаханның «Ботагөз бұлақ» деген жинағы түсті. Кітапта оның Төлеген Айбергеновке арнаған жыр жолдары жазылған еді.

- Отыз жасында өмірден өтті. Ағыл да тегіл аяныш - тілектей.

Бүгінге жырлары жетті. Талай тағдырға таяныш - тіректей...

Осы шақ өлең менің ойыма оралды.

Төре Төлеген Айбергеновке іні болған Нармахан Бегалиев отырды.

Ақын өзі туралы тіс жармады. Мінезі өте салмақты екен.

Көңілі өскен ақын ағамыз Көпенге қарап күлімсіреді де: - Мен Төлеген Айбергеновтің «Құмдағы Мұнараларымнан» үзінді оқып бергейсің! - деп орнынан қозғалды.

- Төлегенге арнаған арнауыңызды оқыңыз? - деді Көпен Әмірбеков.

- Жанарда Жалғыз жанатын. Бұйра шаш.

Әмудария толқындарынан. Ол ықыласты ырғақ табатын... - деп Нармахан аға өлең оқыды.

Қатал жүзінен Төлеген Айбергеновті сағынған сағыныш сезімі білініп тұрды.

Ақын шабыттанып, өлең оқыды.

- Серік - аға! Нағыз әдебиет кеші болды! - деп Ерсұлтан інім риза болды... Отырыс тамаша өтті...

Шымкент шаһары туралы тың деректер әлі ашылған жоқ. Ол мұхит. Біз бұлақтың бетін ғана қағазға түсіріп жатырмыз.

Аңыз әңгімелерге көп сүйенеміз. Ертең оған жас ұрпақ шатысып қалуы мүмкін.

Тарих - теңіз. Теңіз - мұхитқа құяды...

Шымкент шаһары карта бойынша 42-градус ыстық, Солтүстік ендік пен 69-градустық шығыс бойлығының бойында орналасқан. Қаланың жер

ШЫМКЕНТ

ежірелі қала...

(ӘССЕ)



қабаты теңіз деңгейінен 506 метр биіктікте жатыр.

- Шымкентім, шырайлым, шекерім.

Өзінді жырлаумен өтемін. Еліме құт болған берекем.

Бақ қонған мекенім! - деп ақын Әбілдә Аймақ жырға қосты...

- Шымкент менің сүйікті қалам. Қайда жүрсем де, есіме аламын. Сағынамын! - деген атақты спортшы, Шымкент қаласының Құрметті азаматы Бисолт Османұлы Дециевтің сөзі ойыма оралады...

Шымкент қаласында ақын Әбілдә Аймақ тұрды. Алпыс жасында өмірден өтті. Өзі өте қарапайым, ірі талант иесі болатын.

- «Шырайлы Шымкентім!» - деген өлең жазды. Әмірұзақ Оспанов оны әнге айналдырды. Ән тамаша айтылады. Жүрекке қонымды. Әбілдә Аймақ Қазақстан Жазушылар одағының басқарма мүшесі. Физулли атындағы халықаралық әдеби сыйлығының лауреаты, облыстық жазушылар бөлімшесінің төрағасы. «Құрмет орденінің» иегері атанды.

2013 жылы Дулат Әбіш, Ақжол, Бағлан Байкөбекқызы, Әбілдә Аймақ бесеуіміз Шыңғыс Айтматов туған ауыл «Шекерде» болдық. Төрегүл Айтматов атындағы мектепте кездесу кешін өткіздік. Әбілдә өзінің Шыңғыс Айтматовқа арнаған өлеңін оқыды.

Мектеп оқушылары ақынға гүл сыйлады. Ортаға алып суретке түсті. Қырғыз ағайындар ақынға зор құрмет көрсетті...

Жаратылысынан қарапайым Әбілдә маған қарап:

- Серік, Мен шынымен Шыңғыс Айтматов ауылында жүрмін бе? - деді...

- Сен ұлы ақын боласың! - дедім мен.

- Абайдан кейінгі! - деді ол.

Ақкөңіл жан болатын...

Шымкент қаласындағы Ж.Шанин атындағы академиялық драма театрдың режиссері Тастан Өтебаев болды. Толық денелі кісі. Өте талантты жан еді. Өнер десе, ішкен асын жерге қояды. Көшеде асығып жүреді... Солтүстік Қазақстан облысында өткен Мағжан Жұмабаевтың 100-жылдық мерейтойын өткізуге атсалысты. 2000-жылдың ең үздік режиссеры атағын алды. Ол кездегі облыс әкімі Бердібек Мәмбекұлы Сапарбаев болатын.

Тастан көкем қатты қуанды.

- Серік - жан! Бекзат Саттархан үшеуімізге зор құрмет көрсеткені үшін, облыс әкіміне алғыс айтатын. Мені ешкім бұлай Бердібектей құрметтеген. Сапарбаевтың жолы ақ болсын. Бердібек Мәмбекұлы өнерді түсінетін азамат екен. Шымкентке жаңалық әкелді. Бекзатпен суретке түстік.

Сол сурет үйде ілулі тұр. Тастан ағам мен Бекзат інімнің ортасында мен тұрмын. Ж.Шанин театрында түсірілген.

Шымкент шаһары шығармашылық отаны. Талант иелері өте көп тұрды.

Сазгер Нышан Төлегеновтың орны тым ерекше. Аты аңызға айналған «Алғабасым», «Дома-лақ ана» атты өндердің авторы. Өзін өте қарапайым ұстайды. Орта бойлы қара торы жігіт.

- Нышан! Сені республика тегіс біледі. Өндерің ел арасына кеңінен тарап кетті! - дедім мен.

Ол күлді. Аспанға қарады.

- Мен Естайдың «Қорлан» өніне ғашықпын. Абайдың «Айттым сөлем, Қаламқас», Шәмшінің «Ана жырына» ғашықпын.

Әнді Әміре Қашаубаевтай салғанға не жетсін! - деп ойла-

нып барып тіл қатты. Ойланып тұрды да:

- Ержан Серікбаев нағыз талант иесі еді. Оның «Сенің үшін» деген әні тамаша! - деді Нышан Төлегенов.

Өзі туралы тіс жармады. Мен таң қалып тұрып қалдым. Ол мақтағанды жақтырмайды екен...

Өткен шақ ойыма орала береді. Бүгін қалада Сансызбай ініме жолықтым. Ол менен балаларым Өскен мен Болатты сұрады. Менің «Айғақ» газетінде жарық көріп жатқан «Шымкент - шежірелі» атты жазбаларымды оқығандығын айтты. Қуанып қалдым.

- «Еңбекпен айналысқан адамда көңілсіздік болмайды. Күнбе-күн өмірге қайта келем, күнбе-күн ісімді қайтадан бастаймын» - деп Альберт Кан.

Менде қолыма қалам алып Шымкент қаласына үлес қосқан абзал жандардың еңбектерін ақ қағаз бетіне түсіремін. Ойланып кетемін. Ары беріден соң, үйге заттар алу үшін «Қырғы базарға» бет алдым. Шәмші Қалдаяқовқа орнатылған ескерткіштің жанындағы орындардың біріне келіп жайғастым. Шәмші ескерткіші қалаға сән беріп тұр. Ел сол алаңда дем алады.

Ойыма өткен кезтүсті. Иә... Иә...

Бұл бір тарихи күн болды. Қаланың халқы үшін қуаныш болатын. Есіме енді түсті. 2011 жыл. Тамыз айы. Әлде он бірі, әлде он екісі. Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Асқар Исабекұлы Мырзахметов ортаға шықты. Ұзын бойлы, кескін келбеті келіскен әдемі жігіт екен. Ол халыққа қарап:

- Бүгін композитор Шәмші Қалдаяқовтың туғанына 80-жыл толады. Шәмші ағамыздың жастық шағы осы Шымкент қаласында өтіпті. Бұл

Шәмшіге деген елдің махаббаты! - деп сөз сөйледі.

- Асқар балама рахмет. Жолың ашық болсын. Шәмші ортамызға келді! - деп қоғам қайраткері, Социалистік Еңбек Ері Боранбек Шүкірбеков ақ батасын берді... Арада 7-жыл өтіпті. Ескерткішке қарап өткенді есіме аламын... Әмір өтіп жатыр...

Бүгін Сұлтанбек Сүгірбаевқа жолығып қалдым. Шаңқай түс кезі еді.

- Шымкент қаласы өсіп - өніп жатыр. Қала әкімінің орынбасары болдым. Түркістан қаласында төрт жыл, төрт-ай, төрт күн әкім болып қызмет атқардым. Түркістан облыс орталығы болды! - деп Сұлтан көкем қуанып сөйледі...

Көршіңмен тату тұр! - дейді қазақ мақалы. Желтоқсан көшесінде Олег пен Ольгамен көрші тұрдым. Балам Өскен үйленгенде, екеуін құдалыққа алып бардым.

Ольга Сергеевна Лебикова ұзақ жылдар қаладағы №30 орта мектептің директоры болып қызмет атқарды...

Екеуі де Шымкент қаласының тумасы. Осыдан екі жыл бұрын олар көршілес Ресейге қоныс аударды. Жол жүрер алдарында екеуі де үйге келіп қонақпыз! - деп өмірге келген қонақпыз! - деп мен ренжідім. - Жалғыз қызымыз Катия тұрмысқа шықты. Артынан бара жатырмыз! - деді Олег.

- Шымкент қаласында туып өтіндер. Қалай қиып барасыздар? - дедік біз.

- Бізге де ауыр болып тұр. Басқа қолдан ештеңе де келмеді! - деді Ольга Сергеевна Лебикова. Қоштастық. Оларда көздеріне жас алды. Бізде көзге жас алдық. Басқа Қолдан ешнәрсе келмеді...

Алматы облысы Ақсу ауданында 18-қыркүйекте өтетін Ақын Сара Тастанбекқызының туғанына 165-жыл толуына арналған кешке шақыру алдым. Біржан салмен айтысқан Сара мерейтойы.


Қатты қуандым...

Шымкент шаһарында ұзақ жыл еңбек етіп, ел алғысына бөленген жандардың бірі Сайлауқұл Жаппарқызы Барахова.

Шымкент қалалық партия комитетінің хатшысы, облыстық атқару кеңесі төрағасының орынбасары, облыс әкімінің орынбасары, Сенатор, болып жауапты қызметтер атқарды.

Бүгінгі таңда Шымкент шаһарында тұрады. Хабарласып тұрамын.

- Өткен кездер сағынышқа айналады. Шымкент қаласына еңбек сіңірген азаматтар көп болды. Шымкент қаласы ежелгі көне қалалардың бірі Орта Азиядағы сауда орталығы болған. Шымкент. Көкке оранған қала. Әсем қала Сұлу қала деген мағына білдіреді. Қаланың көркейіп өсуіне ерекше үлес қосқан Асанбай Асқаров, Бердібек Сапарбаев, **Серік Ақайым**, Шымкент қаласының «Құрметті азаматы».



Шашты үнемі жайып жүру дұрыс па?

Дана халқымыз қыз баланың қадір-қасиетін ерекше бағалап, жарық жұлдыздарға, ай мен күнге балап, Айшолпан, Алтыннай, Айғаным, Күнсұлу, Жұлдызай, Айкүн сынды есімдер берген. Қыздың сұлулығын еселеп тұратын қою қара шашын ұзын етіп өсіріп, шашбау таққан. «Таудың көркі-тас» қыздың көркі - шаш, «Жақсы қыздың бұрымында мін болмас» деген аталы сөздер қыз бала үшін ұзын бұрымның қаншалықты маңызды екенін ұғындырады. Уақыт жылжыды, ғасырлар озды, жаңа дәуірмен бірге, жаңа сән де жаппай жаулап алды. Енді бұрынғыдай бұлаңдаған ұзын бұрым сәннен де, мәннен де ажырап, шашты жайып жіберіп жүру кең етек алды. Бұл сән қаншалықты дұрыс, қаншалықты бұрыс? Осы сұрақ төңірегінде сөз тарқатпақпыз.

*Білектей арқасында өрген бұрым,
Шолтысы сылдыр қағып,
жүрсе ақырын.
Кәмшат бөрік, ақ тамақ,
қара қасты,
Сұлу қыздың көріп пе ең
мұндай түрін!?* -

деп Абай данамыз жырлаған бейне сұлулықтың нағыз қазақ бейнесі екені анық. «Ол өткен ғасырдың таным-түсінігі. Ал, біз ХХІ ғасырда өмір сүріп жатырмыз» деушілер де табылары анық.

Шашты жаю ненің белгісі болған?

Ең алдымен бұрынғы дәстүр-салтымызға үңіліп көрейік. Қазақ халқында шаш жаю болды. Бірақ, мұндай жағдай қаралы қаза кезінде орын алған. Көбіне жарынан айырылған әйелдер шашын жайып жіберіп, дауыс шығарып жылап, жоқтау айтқан. Шашты жаю салтымыз бойынша ең алдымен үлкен қазаның, қапияда болған қайғының белгісі саналған. Шашты жайып жүрген қыз баласын жамандық шақырма, деп тыйып тастайтын болған.

Жайылған шаш күш-қуатты босқа кетіру саналған. Шашын мыстан-сиқыршылар мен же-

Шашта ақпарат көп

ңіл жүрісті әйелдер ғана жайған. Сиқыршы-мыстандар шашын жаю арқылы өз энергиясына күш алатын болған.

Әлемдік түсінік бойынша қыздың, әйелдің шашын жаюы жыныстық қатынасқа ашық шақыру дегенді білдірген. Ал қазақы түсінікте кез-келген әйел баласы шашын тек күйеуінің алдында ғана жайып, тараған. Бұрымды тарқату, жігіттің алдында шашын тек күйеуінің алдында ғана жайып, тараған. Бұрымды тарқату, жігіттің алдында шашын жаю, бір тал шашын саусағына орау сияқты қимылдар өзіне қаратудың, арбаудың өте мықты амал-тәсілі саналған. Әлі күнге дейін қыздар бір жігітті ұнатса, оның көңілін өзіне аудару үшін, бұрымын тарқатып жатып, соның есімін қайталап жатады.

Шаштың құны



Халқымыздың қылмыс пен жаза туралы дала заңында әпербақан, есерсоқ біреу алда-жалда әйел адамның ұзын шашын кесетін болса, бір дене мүшесінен айырды деп санап, қатаң жазаға тартылып, үлкен көлемде төлем төлеген. Ал әйел адам тарапынан аяғын шалыс басып, қылмыс жасаса, оған қолданылатын ең ауыр жаза шашын кесу болған. Бұл екі жаза да өлім жазасына парапар, ел бетіне қарай алмайтындай ең ауыр, масқара болған.

Шаштың қасиеті

Ал одан бөлек қылт еткенді қалт жібермейтін халық танымында шаш киелі деп саналған. Шашқа аса мән беріп, өте сақ болған. Шашты тарап болғаннан соң түскен шашты, ұшын түзеп қиғыннан соң кесілген шаштың бір талын қалдырмай жинап алған. Кішкене күнімізде «шашыңды жинап алмасаң, торғай ұясына басып алады, ал сенің үнемі сабың ауыратын болады» деген бала танымына ыңғайланған ескертуді еститінбіз. Осының өзі-ақ шашты өріп жүрте, тарап болған соң мұқият болуға үйрететін. Шаш арқылы «қара магияның» ықпалында қалу да оп-оңай. Бүгінгі дамыған ғылым шашта оның иесі туралы барлық ақпарат сақталатынын дәлелдеп отыр. Тірі организмдердегі генетикалық ақпараттың ұрпақтан-ұрпаққа берілуін, сақталуын қамтамасыз ететін (ДНК) коды да шашта сақталады.

Қылмыстық істерді ашу бөлімінде оқиға орнында табылған

шаш арқылы ол адамның кім екенін оп-оңай анықтайды. Тіпті адамның наша шегетіні, ащы суга өуестігін де шаш талдауы арқылы білуге болады. Жер бетіндегі бір де бір адамның алақан бедері бір-біріне ұқсамайтыны сияқты, шаштың құрылымы да солай қайталанбайды.

Адамның сыртқа емес, ішке қарай өскен шашы өзінің тегін, кім екенін ұмытатын, тек «иә» немесе «жоқ» деп жауап қата алатын мәнғүртке айналдыратыны тағы бар. Оған Ш.Айтматовтың «Найман-ана» атты шығармасын алуға болады.

Сиқыр мен тылсым күшке етене жақын сыған халқы бір тал шашты қолғатүсірсе, соладамды өз ырықна бағындырып, түгін қалдырмай тонап кете берген.

Халқымыздың ежелгі ертегі-аңыздарында хан қызының, әйелінің, қарындасының бір тал шашы суга ағып кеткені, тал шашын ұрлап кеткені сияқты оқиғалар кездеседі. Перілер мен жындылардың бір тал шашын күйдіргенде, олар дереу пайда бола кетіп, кейіпкердің тілегін орындайтын сәттерде көптеп кездеседі. Мұның бәрі шаштың ерекше күшке ие қасиетіне көз жеткізген танымынан туған көркем дүниелер.

Сол себепті де ата-бабаларымыз қыздарға шашты өріп жүруді, жалаң-бас жүрмеуді кішкентай күнінен құлағына құйып отырған. Тақия, бөрік, желек, кимешек, орамал тарту тазалық пен қатар жаман энергиялардан сақтанудың жолы болған.

Хақ дініміз исламдағы әйел адамға қойылатын талап та шашты өсіру, өру, жалаңбас жүрмеу болып табылады. Қазақ салтына үйлеспейтін басынан-аяғына дейін қара жамылғы жауып, бет-ауызды тұмшалап алу бөлек әңгіме.

«Баяғыда Пайғамбарымыз өзінің Пайғамбар болатынын білмей тұрған кезінде соңынан үнемі ақ елес сияқты нәрсе еріп жүреді екен. Ол мұның не екенін білмей дал болады. Содан әйеліне келіп, жағдайды айтқанда, әйелі: «Сен сол тағы келсе мені шақыра ғой, сол кезде мен шашымды жайып жіберемін, егер ол қашып кетсе - періште, қашпаса - шайтан», - деген екен. Содан ертесінде дәл солай істеген кезде, әлгі ақ елес қашып кетіпті дейді.

«Шашын жайған адамның жанына періште жоламайды», деген сөз осыдан қалған деседі.

Шаш кесуге болмайтын кездер

Әйел адам аяғы ауыр екенін білген сәттен бастап, шаш қидыру туралы ойламаған жөн. Жүкті әйелдің шашында өзінің және баласының күш-қуаты жинақталады. Сондай-ақ, өміріңізді өзгертетін маңызды жобалар мен жоспарларды бастағанда істі аяғына жеткізгенше шашты қимаған дұрыс. Тек кейбір аурулар кезінде шаш

кесуге тура келген. Шашта сақталған жаман энергиядан арылмайынша, жақсылық болмайды деген нанымда ауыр қайғыдан соң жаңа өмір бастау үшін шашты кесіп, қайта өсіретін болған.

Шаш-денсаулық кепілі



Шаш адамның көркіне көрік қосып қана қоймай, денсаулығына да аса зор ықпал ететіні дәлелденіп отыр. Әсіресе, әйел адамның шашы қаншалықты ұзын болса, ол соншалық мейірбан, нәзік, адал, бауырмал болатынын бірқатар зерттеушілер ғылыми түрде дәлелдеп берген. Оның адамгершілігі мол, мейірім мен нәзіктігі басым болып тұрған.

Шаш - әйел адам үшін қуат көзі. Ұзын шашын тарқатып, тарап, бұрымдап өру амалдарын күн сайын қайталайтын әйелдің сымбаты да ажарлы, мінезі де сабырлы күйге түседі. Әйел баласына берілген бұл айырықша қуат пен сұлулықты өкпелеріміз жаулық пен кимешектің астында жасырын ұстаған. Әр тал шашқа жармаса кеткісі келетін жамандық пен азғындықтан өзін де, отбасын да қорғаудың тамаша амалы болған.

Қазір әлемдік «Ю-туб» желісін көрсеңіз, өз шашын өзі кесе салатын видеолардың мың-миллионын кездестіруге болады.

Қазақ тұрмысында ер адам да, әйел адам да өз шашын өзі кеспеген. Бұл жаман ырымға баланған. Әйел адам ерінен бастап отбасындағы мүшелердің барлығының шашына өзі қараған. Оқырмандарымыз мұны да біле жүргені жөн.

Кесілген шашты, не түскен шашты, тарақта қалғанын жерге көміп, не өртеп жіберген дұрыс. Сонда қуат, күш далаға кетпейді.

Шаштың сыртқы саулығы - әйел қуатының деңгейінің, ішкі мүшелерінің саулығының, зат алмасу қалыптығының, гормоналды тепе-теңдіктің ашық айнасы. Шаш сиреу, шаш түсу отбасында жақын адамдармен киіліктің бар екенінен хабар береді.

Қазіргі сән

Жаппай шашты қырқу сәні сырғып өтіп, қазір жаппай шашты жайып жүру орын алды. Көбінесе қоғамдық көліктерде

ұзын шаштарын жайып алған қыздарға да, олардың шаштарына да жаным ашиды. Өзі бір жақта, шашының ұшы бір жақта қалып безектеп жататын көріністерге өркім күе болған шығар. Иыққа дейінгі шашты бос жіберуге болатын да шығар. Бірақ белге жететін, тіпті одан да ұзын шашты жайып тастау, заманауи нормаларға да сай емес. Жалбыраған шашқа бір екі сағат уақыт өтпей шаң-тозаң, көліктерден тарайтын улы газдар қонады да, майласып, тарамданып шыға келеді. Бір нәрсеге ұмтыла бергенде, кедергі болатын жайылған шашты кезек-кезек екі жаққа сілкіп, басты қайқандатып отырудың өзі өте ерсі көрінеді.

Сондай-ақ, жігіттеріміз тарапынан шаш өсіру белең алып кеткен. Оны буып, түйіп қоятындары тағы бар. Қанша сән дегенмен, халықтың танымында, салтында жоқ нәрсенің барлығы ұлттың өзіндік қасиетінен айырылуын алып келеді.

«Тәрбие тал бесіктен басталатын» әрдайым есте ұстап, ұлтымызды сақтайтын, ерекше-лейтін құндылықтарды ұрпағымыздың санасына кішкентайынан құя білгеніміз абзал.

Шаш күтімі

Шашты 2-3 күнде бір рет жуып тұрған дұрыс. Экология, қолайсыз ауа-райы, кептіргіш фенолдардың жиі қолдану, бояу шашты жұқартып, ұстап тұсуіне алып келеді. Бұдан бөлек түсі де қашып, ұшталып кетеді. Тәжірибесі мол, тұрақты шаштарыңыз болса ондай маманнан айырылып қалмаңыз.

Шаш сәні

Жас қыз-келіншектерге айтылатын кеңес-шаш өсіру. Жұмыс бабымен орамал таға алмайтын жағдайда түрлі шаш өрімдерімен, шаш түйлерді үйреніп алғаныңыз абзал. Буылған, өсірілген, түйілген шаш әйелдің тек отбасына ғана арналатын энергиясын тастүйін жинап тұрады. Базар, дүкен аралағанда, көпшілік орындарда сырт көздің алдауына, арбауына ұшырап қалмас үшін, бас киім киіп жүрген абзал.

Шаш, оның қасиеті мен қуаты туралы бабалар танымынан бастау алып, біршама қажетті дүниелерді ұсына білдік деп ойлаймыз. Осындай жан-жақты жинақталған, дәлелденген мағлұматтардан кейін шашын үнемі жайып жүретін жандарға ой тастап, қозғау сала алсақ, біздің мақсатымыз орындалды деп санаймыз.

«Жас-Ай» журналы, 2018 ж.

«Жас-Ай» Халықаралық медициналық орталықтың Шымкенттегі филиалының мекен жайы: Шымкент қаласы, Бәйдібек би даңғылы

Борышкерлердің тізілімі немесе елден қарыздар үшін шығармаса не істеу керек?

Әлемдік тәжірибе, елден шығуға құқықтарды уақытша шектеу – айқын нәтижелерді әкелетін жеткілікті пәрменді шара екенін көрсетеді: атқару міндеттемелері бойынша қарыздар жиі жабылады. Әрине, ұшаққа отырарда шетелге шығуға тыйым салынғанын білу ешкімді қуантпасы анық. Бірақ бұны болдырмауға да болады. Аталмыш мәселе билеттер, жолдамалар сатып алынып, қонақүйлерден орын алынған соң, шекара бақылауынан өткенде де тікелей кездесіп жатады. Шетелге шығуы шектелген адамдардың тізіміне қалай түспеу керек және егер сіз борышкерлер тізімінде болсаңыз не істеу керек.

Кімге және қандай себептер бойынша шетелге шығу шектелуі мүмкін?

Заңның 33-бабына сәйкес борышкер болып табылатын жеке тұлға, заңды тұлғаның басшысы (оның міндетін атқарушы) атқарушылық құжаттағы 20 АЕК астам сомаға талаптарды орындамаған кезде, сондай-ақ мерзімдік төлемдерді өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттарды үш айдан астам орындамаған кезде, сот орындаушысы көрсетілген адамдардың ҚР шығуын уақытша шектеу туралы қаулы шығаруға құқылы, ал өндіріп алушының өтініші бойынша осындай қаулы шығаруға міндетті.

Атқарушы құжаттарға мыналар жатады:

Елден тыс шығудан бас тартудың басты себебі атқару құжаттарын орындамау, борыш, қарыз болып табылады. Осылайша, егер сіздің мемлекет алдында салықтар, айыппұлдар немесе басқа адамдар алдында сотқа жүгінуге дейін апарған қарыздарыңыз болса, неғұрлым сақ болу қажет. Төлемдеуші деп алименттерді немесе жолақы айыппұлдарын төлемеген, сонымен қатар қаланың коммуналдық қызметтеріне қарызы бар адам саналуы мүмкін. Тізімге 700 теңгеден бастап төленбеген шоттары бар және сот осы қарызды өндіру туралы қаулы шығарған адамдар енгізілуі мүмкін.

Шетелге шығу шектелген адамдардың тізіміне азамат сот орындаушысының қаулысы бойынша енгізілуі мүмкін. ҚР борышкердің шығуына уақытша шектеу туралы сот орындаушысының қаулысы сотпен санкциялауға жатады. Сот санкциялағаннан кейін сіз қаулының көшірмесін аласыз, сондай-ақ оны ҚР ҰҚК шекара қызметі алады, ол сізді қарызыңыздың өтелуі базада расталғанға дейін шекарадан шығармайды.

Егер атқару құжаты сот актісі болып табылмаса және сот актісінің негізінде берілмесе (мысалы, атқарушы парақтар немесе хаттамалар), онда өндіріп алушы немесе мемлекеттік сот орындаушысы борышкер үшін ҚР шығуды уақытша шектеу туралы ұсыныспен сотқа жүгінуге құқылы. Бірақ бұл жағдайда шешімді сіздің қатысуыңызсыз шығаруы мүмкін екенін ескерген жөн, сол себепті қарыз, айыппұлдар, баж алымдарын және коммуналдық төлемдер қызметтер үшін төлемді істі сотқа жеткізбестен уақытылы төлеген дұрыс.

Атқарушы өндірістер бойынша

борышкерлердің тізіліміне сот орындаушысы атқарушы құжаттарды ерікті орындауға мерзім аяқталғаннан кейін 3 жұмыс күні ішінде борышкердің мәліметтерін жібереді.

Шетелге шығуға сізге тыйым салынғанын қалай білуге болады?

Иссапарды, туысқандарға немесе туристік сапарға баруды жоспарлар алдында билетті сатып алғанға дейін, қонақ үйден орын алғанға дейін нақты факторлардың болуы/болмауы туралы ойланған жөн. Бұны Әділет министрлігінің сайтынан тексеруге болады, онда

Тізімдегі ақпарат сот орындаушысы шектеуден алу туралы қаулы шығарылғанға дейін және ҚР ҰҚК Шекара қызметіне тиісті электронды хабарлама жіберілгенге дейін сақталады.

Шетелден шығуға шектеу қойылған борышкерлердің тізілімінен қалай шығу керек?

Әрине, ең айқын әрі дұрыс нұсқасы - айыппұлдарды, баж алымдарын, алименттерді, коммуналдық қызметтерді немесе қарыздарды төлеу. Сот орындаушысының



БОРЫШКЕР ШЕТЕЛГЕ ШЫҒА АЛАДЫ МА?

автоматты режимде аталмыш тізімдер жүргізіледі - Шетелге шығуға шектеу қойылған борышкерлердің тізілімі және Атқарушы өндірістер бойынша борышкерлердің тізілімі. Бұл жерде екі тізімді де тексерген жөн, себебі тіпті, сіз Атқарушы өндірістер бойынша борышкерлердің тізілімінде ғана болсаңыз да, шетелге шығуға тыйым салынған қасақана төлемейтіндер қатарына ауысу да алыс емес. Борышкерлердің базасы сот органдарынан қаулылардың келіп түсу дәрежесі бойынша тұрақты негізде жаңартылады.

ҚР шегінен тыс шығуға шектеу қойылған борышкерлердің тізілімі, ҚР ҰҚК Шекара қызметіне берілетін шығуға шектеу туралы электрондық хабарламалар негізінде қалыптасады. Электрондық хабарламаны тиісті қаулы шыққаннан кейін немесе оны судья санкциялағаннан кейін, сот орындаушысы жібереді. Қаулының көшірмесі борышкерге жіберіледі. Қаулы ҚР азаматтарына, сондай-ақ шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдарға қатысты, сонымен қатар заңды тұлғалардың-борышкерлердің басшыларына қатысты шығарылуы мүмкін.

Егер сіз туристік фирмандан жолдама сатып алсаңыз, көрсетілген тізімдерде өзіңіздің бар/жоқтығыңызды міндетті түрде тексеріңіз, себебі егер сізді қарыздың болу себебі бойынша шығармайды, туристік компания шығындарды өтемейді. Сондай-ақ, ірі туристік компаниялардан сіз компания қызметкерлерінің телефон немесе онлайн-сұраныстары бойынша әділет департаментінен сіздің мәліметтеріңізді тексеруді сұрай аласыз.

Базаның мерзімді түрде жаңартылатынына қарамастан, егер сізде бұрын төленген қарыздар болса, тізімдерде бар/жоқтығыңызды тексеру керек. Іс жүзінде кез келген жағдайда шетелге сапарды жоспарлауда екі тізілімнен де өз мәліметтеріңізді тексеру артық етпейді.

осындай шараны қабылдауының себебі.

Шығуға уақытша шектеу атқару өндірісі тоқтатылғаннан кейін ғана жойылады. Егер атқару өндірісі Заңның 47-бабына сәйкес тоқтатылса, онда қосымша атқару санкциясының 10% төлеу қажет. Заңның 36-бабына сәйкес атқару өндірісі тоқтатылғаннан кейін 3 күнтізбелік күн ішінде сот орындаушысы сот актілерін орындау департаментіне және шекара қызметіне тиісті ақпаратты жолдайды, ол борышкерді тізілімнен алып тастаудың негізі болып табылады. Тізімнен шығу үшін қабылданған шараларды растаушы құжат уақытша шектеуді жою туралы қаулы немесе атқарушы өндірісті тоқтату туралы қаулы болып табылады.

Қарыздар бойынша төлемді сапар алдындағы соңғы сәтке қалдыруға болмайды. Шетелге сапарды жоспарлай отырып, алдымен бар барлық қарыздарды алдын ала төлеп, атқару құжаттарында жазылғанды жоспарлы күннен 10-15 күн бұрын орындау керек.

Жазылған атқару құжаттарын орындау – сізге шетелге шығуға мүмкіндік беретін жалғыз шара. Бұнда «қолда» растау құжаттары, чектерді ғана ұстау аз, ұшуға тыйым салған сот орындаушысын хабардар ету қажет. Шетелге шығу шектелген борышкерлердің тізілімінде, тек сіздің бар-жоқтығыңыз туралы мәліметтерді ғана емес, сонымен қатар сот орындаушысының мәліметтерін және оның ұялы телефонын біле аласыз.

Тағы да басқа жолы бар – сіз талапкерден атқару өндірісі тоқтатылғанда, өтінішті алуын сұрай аласыз, бірақ бұл шұғыл жағдайларда орын алады, мысалы, егер шетелге операцияға шығу қажет болса. Егер талапкермен келісу болса, онда талапкермен бірге сот актілерін орындау бойынша жергілікті департаментке жүгіну қажет.

жет. Сіз неғұрлым ертерек жүгінсеңіз, шетелден шығуға тыйым да тез алынады.

Шетелге шығуы шектелген борышкерлер тізілімінен қалай шығуға болады?

Әрине, ең айқын әрі дұрыс нұсқасы - айыппұлдарды, баж алымдарын, алименттерді, коммуналдық қызметтерді немесе қарыздарды төлеу. Сот орындаушысының осындай шараны қабылдауының себебі.

Шығуға уақытша шектеу атқару өндірісі тоқтатылғаннан кейін ғана жойылады. Егер атқару өндірісі Заңның 47-бабына сәйкес тоқтатылса, онда қосымша атқару санкциясының 10% төлеу қажет. Заңның 36-бабына сәйкес атқару өндірісі тоқтатылғаннан кейін 5 күнтізбелік күн ішінде сот орындаушысы сот актілерін орындау департаментіне және шекара қызметіне тиісті ақпаратты жолдайды, ол борышкерді тізілімнен алып тастаудың негізі болып табылады. Тізімнен шығу үшін қабылданған

мінен тексеру артық болмайды.

Ал аталмыш тізімдерде сіз нақты мынадай жағдайларда болмайсыз, егер:

- сіз қазіргі сәтте сот процесіне қатыспасаңыз және болашақта қатыспайтын болсаңыз;
- салықтар бойынша қарызыңыз болмаса;
- айыппұлдар бойынша қарыздар болмаса;
- алименттер бойынша қарыздар жоқ болса және бұрын болмаса.

Борышкерлердің бірыңғай тізілімі

Уәкілетті орган атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындату жөніндегі міндеттерді жүзеге асыру мақсатында Борышкерлердің бірыңғай тізілімін жүргізеді.

Борышкерлердің бірыңғай тізілімі атқарушылық іс жүргізу жөніндегі автоматтандырылған ақпараттық жүйе арқылы қалыптастырылады және жүргізіледі.

Мерзімдік өндіріп алу туралы атқарушылық іс жүргізу бойынша үш айдан асатын берешегі жоқ, сондай-ақ талап қоюды қамтамасыз ету шараларын қолдану және тоқтату туралы атқарушылық

құжаттары бойынша борышкерлер жөніндегі мәліметтерді қоспағанда, Борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізу үшін мәліметтерді сот орындаушылары атқарушылық іс жүргізу қозғалғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде жібереді.

Көрсетілген мәліметтер:

- борышкердің тегін, атын, әкесінің атын (ол болған жағдайда) не борышкер ұйымның атауын;
- атқарушылық құжатты берген органды, берілген күнін және борышкердің орындалмаған міндетінің мазмұнын;
- көрсетілген мәліметтерді жіберетін сот орындаушысының тегін, атын, әкесінің атын (ол болған жағдайда) және аумақтық бөлімнің атауы мен мекенжайын немесе жеке сот орындаушысы кеңсесінің мекенжайын қамтиды.

Борышкерлердің бірыңғай тізілімінен борышкерді алып тастау, осы Заңның 47 бабында көзделген негіздер бойынша атқарушылық іс жүргізу тоқтатылғаннан кейін және мерзімдік өндіріп алу туралы атқарушылық іс жүргізу бойынша берешек болмаған кезде, сондай-ақ ол атқарушылық құжаттың талаптарын орындаған кезде осы Заңның 48 бабында көзделген негіздер бойынша атқарушылық іс жүргізу аяқталғаннан кейін жүргізіледі.

Сот орындаушысы осы Заңның 48 бабында көзделген негіздер бойынша аяқталған атқарушылық іс жүргізу бойынша атқарушылық құжат талаптарының орындалғаны туралы мәліметтер алған кезде, үш жұмыс күні ішінде уәкілетті органға борышкерді Борышкерлердің бірыңғай тізілімін алып тастау үшін тиісті ақпарат жібереді.

Egov.kz



Зілді әзіл...

Маусымдық министрлер

Біз үрдістен жаңылып қалдық. Бұрын, келген министрлер арша көшеттерін отырғызып, ардагерлер аллеясында бір мүйнет үнсіз тұрып марқұмдарды еске алысатын. Жол сақшыларында тыным болмай сиреналарын құбылтып, ағаштың жаңқасымен ойнағандай, тарылдатып – барылдатып әлекке түсетін.

Е, министр келген екен ғой дейтінбіз.

Қазір сол үрдіс жоқ!

Сонда да болса министрлер кеп қалса, керек болар деп аршамен араластырып алма, жүзім, алхоры көшеттерін сатып алып қойдым. Неге дейсіз бе? Соны тексеріп жатқан кім бар, аршаның орнына алхоры не жүзім көшеттерін бере қоямын деп ойладым. Қанша күтсемде, келеді деген лауазымдылар келмеді. Көшеттерім солуга айналған соң, суга салып, лаймен бастырып тастадым. Өзім болсам уайымдаумен болдым. Сөйтсем үрдіс өзгеріпті. Олар келген! Бірақ әлгі министр Агрожобамен танысып, трактор құрастыратын зауытты көргенде у – шусыз тез кері қайтып кеткен.

Екіншісін күттім. Оны да көшет отырғызады деп үміттеніп жүргем ғой. Сөйтсем, «Бозашы» ЖШС-нің егіс алқабын және көкөніс жүйектерін аралап көріп, бұл да қайтып кеткен. Көшеттерім болса, алды құрай бастады. Менен бұрын «келеді» деп күтіп жүрген БАҚ – өкілдерінен ұят болды. Сөйтіп жүріп олардың келер уақтысынан жаңылып қалыппыз.

Еліміздің көгалдануы үшін менде бір игілікті іс бастайын, әрі десе айналайын министрлердің келер кезін дәл білейін, деп оларды маусымдық: қысқы, жазғы министрлер деп бөле қойдым. Өзі де күткенімдей боп шықты!

Мысалы, жазда келетін министрлер қыста келмесін. Жазғы министрлердің мінезі жаздай жайдары, мамыражай болғаны дұрыс. Өңгіме табиғат ананың жылы кезі туралы болып отыр. Сондықтан күн жылына көктемде келседе бола береді. Бұл жерге көк шығып, құстар келе бастаған кез.

Осы уақытта келу, ден – саулығы нәурыз, аяқ – қолы қақсап, қыстан қорқатын министрлер үшін тиімді.

Әрі десе менде олардың келер кезін дәл біліп көшеттерімді ұсына қоямын ғой.

Ал қыста келетін министрлер жазда келмесін. Қысқы министрлердің мінезі қыс сияқты қатал, қаңтардың аязында шыдай-тындай болғаны жөн. Және осы қаталдығын жұртқа көрсететіндей болсын. Бұл әсіресе қан қысымы жоғары, жазғы шаң – тозаңнан аллергиясы бар министрлерге таптырмайтын маусым. Негізі табиғат ананың суытатын кезі күздің соңы, қараша айының басында келсе де өкінбейді.

Бұл қар түсіп, ақ түтектер басталар кез. Сонда мен көшет туралы өңгімемді жиыстырып оларға қардың қалың түскені, газ, свет, көмірдің тоннасы неге қымбат екенін айтатын боламын.

Керектісі, суыққа тоңып дірдіктеген адамдар. Әлеуметтік жағдайлар: емделу ісі, мектеп формасы, т.б. сұрақтарды да аз қоятын болады.

Маусымдық министр болу тиімді ме? Әрине, тиімді! Қымбатты министрлер! Қай маусымда келу дұрыс екенін ден – саулықтарыңызға байланысты өздеріңіз шешіңіздер. Іске сәт!

Ералхан ЖЫЛҚЫАЙДАҒҰЛЫ.

(Соңы. Басы өткен санда)

Бір күндері әлгі ісік жарылды, ішінен болар-болмас ірің шықты. Бірақ әлгі жараның аузы гүлдеп, айналасы жиырылып тұрды, бірақ астыңғы жағы әлі қатты түйін. Тек ісігін алсын, деп солидоль жаға бердім. Мұндай жара судан кейін тек Қарагерге шыққандай, мұндайды ешкімнен кездестірмедік. Әркім-әркім айтады: «Сайрам жақта біреудің атына шыққан екен»-деп. Алғашқыда ісіктің айналасынан тағы да томпиып- томпиып түйін шыға бастады, аузы жарылып, гүлдеп тұрады. Бейне бір раушан гүліне ұқсайды... Кейін байқалғаны- тамыр қуалайды екен. Енді тек жабулап жақын жердегі көкпарға апарып жүрдім. Жайшылықта кең үлкен бастырманың астына басын бос қойып, бір бетіне су, бір шетіне жем және шөп салдырып қоямын. Ардақ інім азамат болып қалған, уақытымен астын тазалап, жем-шөбін салып тұрады. Өзі де

барынша атқақұмар. Қарагер қыстай осылай тұрды. Шілдеден қонды шықты, сосын семіріп кетті. Көргендер: «Табан қазы байлапты»-деп қызығатын болды. Ол атқұмар адамдардың қолы жетпейтін жануар еді.

Бір күні ауылдағы мал дәрігері Әділбек Спабеков ағамыз Мәскеуден дәрі әкелді. Бір қой беріп, сатып алып, салдырдым. Дәрі кері әсер етті, жара тұла бойын қаптап кетті. Басқа ат алып жаратып, мініп жүрдім. Не керек Қарагерге антибиотиктер, қан тазалайтын дәрілерді тамырдан салдырып жүрдім. Майда қаптаған шаралар түгел төгіліп қалды. Бірақ артқы тұяғының үстіндегі теңгедей бір түйін жарасы қайтпай қойғаны.

Көктөбедегі Плащбек деген мал дәрігері: «Мен Құлагерді

жазамын. Бірақ, үйге апарып емдеймін»- деді. Көндім. Маған Қарагердің амандығы керек. «Сіз осы атты жазып алыңыз, сосын өз мырзалығыңыз білер, маған бір құлын берерсіз»- дедім.

Бірақ, Қарагер жазыла қоймады. Бұл жағдайды естіп, шаруашылықта мал дәрігері болып істейтін Бегалы Байсалов: «Маған бер»- деп қолқа салды. Бұл кезде Қарагер еттен түсіп қалғанмен, артқы аяғындағы жарадан басқасы төгіліп, жазыла бастаған еді. Бегалы үйіне алып кетіп, емін жасай бастады. Арада біраз күн өткеннен кейін шақырып, атты көрсетті. Кәдімгідей оңалып қалыпты. «Аман болсын»- деп кеттім. Бегалыға: «Өзіңіз жазып алыңыз»- дегенмін. Өйткені, оны пышаққа қимаймын, әбден бауыр басып қалғанмын.

Басқа адам болса, қонды кезінде етке жаратып жіберетіні анық... Мен олай істей алмадым.

Қарагер жарасынан жазылып, енді қайта ет ала бастағанда Бегалы ескі жантақ жиналған қораға бос қойған екен, арыққа үйлеп өліп қалды»- деген хабар жетті.

Бүгінде Қарагерге жабысқан жараны мандам деп тауып, емдеп, онымен ауырған аттар қатарға қосылып жатыр. Бұған да шүкір. Қарагер өмірінің соңында қиналғаны болмаса, жасы келіп, өз ажалымен өмірден өте шықты. Бүгінгі таңға дейін Қарагердің шабысын, сол кездегі көкпардағы шеберлігін көргендер: «Бір-ақ рет өмірге келген ат», - деп еске алып жатады. Қарагер атына сай киелі ат болатын.

Ибрагимәли ДӘНЕЕВ.

Қажымұқан ауылы,

ӨМІРІН ҒЫЛЫМҒА АРНАҒАН ЖАН

Өнегелі өмірін еліміздің білімі мен ғылымына арнаған. Ғылым жолына, ұстаздық қасиетке барынша адалдық танытып, бар саналы ғұмырын осы салаға арнаған абзал жан Махсұт Даниярұлы Шыныбаев үстіміздегі жылы 13 тамызда 70 жасына қараған шағында дүниеден өтті. Балалық шағы жеңіл болмаған Махсұт Шыныбаев 10 жасында Оразқұл анасынан айрылса, 29 жасында әкесі Данияр дүние салады. Өзімен бауырлары 4 інісі және 2 қарындасы қалды.

Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтарал ауданы, 1 Май ауылында дүниеге келген Махсұт Даниярұлы Шыныбаев 1949 жылы 18 маусымда дүниеге келді. Балалық шағы интернатта өтті. Сонда оқып білім алды. Ағасы Шыныбаев Балданды үлгі тұтқан ол гидравлика саласындағы ғылыми қайраткер және техникалық ғылым кандидаты дәрежесінде болған ұлағатты ұстаз атанды. Киевте Аспирантураны бітірген.

Кейін де тағдыр оның маңдайынан сипай қоймады 2006 жылы ағасы Балданның, кейін 2012 жылы сүйікті қарындасы Садеп өмірден өтті. Олардың қазасы Махсұттың қабырғасын қайыстырды. Дегенмен 49 жыл отасқан сүйікті жары Рахила оған демеу болып, екеуі бақытты өмір сүрді. Екі ұл Дәуіт пен Мәлік, және жеті немере: Әмина, Дана, Мұхаммед, Әйгерім, Әлия, Мәдина және Асқарды тәрбиелеп өсірді.

1966 жылы орта мектепті бітірген соң сол жылы Қазақ Химия-Технологиялық Институтының «механика» факультетіне оқуға түсіп, 1971 жылы Химия өндірісінің машиналары мен аппараттары мамандығы бойынша бітірді.

1982 жылы Мәскеу Мемлекеттік Университетінің аспирантурасын профессор В. Г. Деминнің жетекшілігімен бітіріп, кандидаттық диссертациясын:

“Хиллдің екінші аралық орбитасы және оның спутниктердің динамикасындағы қосымшалары” тақырыбында қорғап, Теориялық механика мамандығын алды. Сол жылы оған «физика-математика ғылымдарының кандидаты» ғылыми дәрежесі берілді.

1988 жылы Теориялық механика кафедрасы бойынша доцент ғылыми атағы берілді.

2002 жылы Қырғыз Республикасы Бішкек қаласында докторлық диссертациясын “Тұрақты және айнымалы массалардың пассивті гравитациялаушы денесінің Орталық емес тартым өрісіндегі үдемелі қозғалысының динамикасы” тақырыбында қорғады және 2003 жылы «Физика-математика ғылымдарының докторы» ғылыми дәрежесі берілді.


2005 жылы оған механика мамандығы бойынша профессор ғылыми атағы берілді. Оның ғылыми жетекшілері Мәскеу Мемлекеттік Университетінің профессоры, физика-математика ғылымдарының докторы Демин Владимир Григорьевич және ғылым қайраткері, физика-математика ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Сапа Василий Антонович болды.

2013 жылы Нью-Йорк, АҚШ халықаралық білім және технология орталығының сертификатымен марапатталды.

Махсұт Даниярұлының тікелей жетекшілігімен теориялық механика бойынша 10 аспирант кандидаттық диссертация қорғады.

Оның жетекшілігімен Қазақстанның әр түрлі жоғары оқу орындарынан көптеген ізденушілер ғылыми зерттеулер жүргізді. Студент бола тұрып, Махсұт Даниярұлы еңбек жолын Қазақ Химия-Технологиялық Институтында жұмыс істеуден бастап және кейінгі жылдары М. О. Өуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қаласындағы Мәскеу Гуманитарлық Техникалық Университеті, М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы, Академиялық инновациялық институт, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті сияқты жоғары оқу орындарында ұстаздық қызметін атқарды.

Шинибаев М. Д. ғарыш зерттеуле-



рінің мемлекеттік бағдарламасына кірген “Стационарлық емес тарту өрісіндегі Жасанды Жер серігінің қозғалысы” тақырыбын негізгі орындаушылардың бірі болып табылады. Өз өмірінің соңына дейін Ұлттық ғарыштық зерттеулер мен технологиялар орталығында қызмет атқарып еңбегін сіңірді.

2014 жылы ҚР ғылым саласындағы жетістіктері үшін “ҚР ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін” белгісімен марапатталды.

182-ден астам ғылыми жұмыстардың авторы, оның ішінде 8 монография, 30 оқу құралы, жоғарғы математика және механика бойынша оқулықтар, әдістемелік құралдар бар. Ол 45-тен астам маңызды ғылыми конференцияларға қатысты, ең соңғы 2016 жылдың 28 қазанында ICITE-2016 “Өнеркәсіптік технологиялар және инжиниринг” 3-ші Халықаралық қатысқан конференциясында өз баяндамасын ағылшын тілінде өткізді. 100-ден астам ғылыми мақала ҚР, ТМД және шет елдердің белгілі журналдарында жарияланды. Оның 3 монографиясы Nemis Palmarium academic publishing баспасында жарық көрді.

2018 жылы американдық қолданбалы ғылыми зерттеу журналының редакторы Джесси Райтпен американдық қолданбалы ғылыми зерттеу журналына редакциялық қатысушы немесе рецензент ретінде шақырылды.

Өзі өмір бойы ғылымның әртүрлі салаларындағы 1000-нан астам бірегей кітап жинады

Атамыздың артында тәрбиелі ұрпақтары және баға жетпес еңбектері, шәкірттері қалғаны баршамызға мәлім. Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді деген ұлағатты сөз бар. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын!

Марқұмның 40 күндік асы 23 қыркүйек күні сағат 13:00-де Шымкент қаласы, «Шымкент холл» дәмханасында өтеді.

Асқа шақырушылар: Шыныбаевтар әулеті.

Өзбекстан Республикасының Қазақстандағы елшісі

Саудикрам НИЯЗХОДЖАЕВ:

Қазақстанның жетістіктерін мақтаныш тұтамыз

- Өзбекстан Республикасы тәуелсіздігінің 27 жылдығына орай Астанада елшінің арнайы қабылдауы өтті, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

«Ең алдымен Өзбекстан республикасының тәуелсіздігінің 27 жылдығына орай, Өзбекстан халқына жолдаған шын жүректен құттықтауы үшін Қазақстан Республикасының жоғары мәртебелі Президентіне алғысымды білдіргім келеді. Сондай-ақ, барша қонақтарға біздің шақыруымызды қабылдап, бүгінгі іс-шараға қатысқандарыңызға рақмет», - деп бастады өз сөзін Өзбекстан Республикасының Қазақстандағы елшісі Саидикрам Ниязходжаев. Көрші Өзбек мемлекеті тарихи аз уақыт кезеңінде тәуелсіз мемлекетті құруда және адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мен ұлттық мемлекеттілікті және рухани құндылықтарды жандандыру арқылы әлемдік қауымдастықта лайықты орынға ие болғанын айта кеткен жөн. Елші мырза өз сөзінде Өзбекстан елінің жақын елдерге қатысты ашық, достық және прагматикалық саясат жүргізуде екенін атап өтті. «Бұл тұрғыда Қазақстанмен достық

және жақсы көршілестікке негізделген тату қарым-қатынасты жоғары бағалаймыз. Сонымен қатар Қазақстан басшысының саяси және экономикалық салалардағы жетістіктерін мақтаныш тұтамыз», - деді ол. Тағы бір айта кетерлігі, екі ел арасындағы тауар айналымының жоғары қарқыны сақталуда. Одан бөлек ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның кезекті отырысы өтуде. Оған дәлел үстіміздегі жылдың мамыр айында Шымкентте қазақ - өзбек іскерлік кеңесінің бірінші отырысы өтті. Аталған кеңестің нәтижесінде екі елдің іскер топтары өкілдерінің арасында белсенді байланыс орнап, Қазақстан мен Өзбекстанның кәсіпкер әйелдері арасында ынтымақтастық жанданды. «Екі ел арасындағы өзара байланыс пен ашықтық екі мемлекеттің әлеуетін біріктіру болып табылады. Бұған дәлел тарихи этникалық және мәдени байланыстардың нығаюы. Одан бөлек, аймақаралық сауданың өсуі, бұл өз кезегінде экономикалық байланыстың жоғарылығын көрсетеді», - деді Саидикрам Ниязходжаев. «Құрметті Қазақстан Республи-



касының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа, Қазақстанның Үкіметі мен Сыртқы істер министрлігіне қонақжай қазақ жерінде жемісті жұмыс атқаруға барлық жағдайлар жасағаны үшін алғысымды білдіргім келеді», - деді Өзбекстан елшісі. Қазақстан атынан Сыртқы істер министрінің орынбасары Ғалымжан Қойшыбаев өз кезегінде Өзбекстан Республикасы тәуелсіздігінің 27 жылдығымен құттықтады. «Өзбекстан біздің бауырлас мемлекет. Қазақстан екіжақты ынтымақтастықты одан әрі дамытуға ерекше көңіл бөледі. Екі ел арасындағы ғасырлар бойы қалыптасқан байланыстардың болашағы зор. Жоғары деңгейде қол жеткізілген өзара түсіністік пен серіктестік айтулы табыстарға жетелеуде. Осы жетістіктердің одан әрі оңтайлы жалғасын табатынына көміл сенеміз», - деді вице-министр. Айта кетсек, биыл елімізде Өзбекстан Республикасының жылы аталып өтілуде, тиісінше келесі, яғни 2019 жылы Өзбекстанда Қазақстан жылы аталып өтіледі.

ТРАМП ҚЫТАЙ ТАУАРЛАРЫНА ТАҒЫ 10 ПАЙЫЗДЫҚ САЛЫҚ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ ШЕШІМГЕ ҚОЛ ҚОЙДЫ

Трамп Қытай тауарларына тағы 10 пайыздық салық енгізу туралы шешімге қол қойды АҚШ президенті Дональд Трамп Қытайдан экспортталатын тауарлардың тағы бір бөлігіне құны 200 миллиард доллар болатын 10 пайыздық салық енгізу туралы шешімге қол қойды. Жаңа салық 24 қыркүйектен бастап күшіне енеді. Ал 2019 жылы оның көлемі 25 пайызға дейін көтерілетін болады. Егер ресми Пекин Құрама Штаттарға қарсы шаралар қабылдаса, Вашингтон Қытайға құны 267 миллиард доллар болатын тағы қосымша салық енгізбекші. Бұл туралы Ақ үй өкімшілігі мәлімдеді. Бірақ қыркүйектің 27-28 күндері Вашингтонда Қытаймен жаңа келіссөздер өтуі тиіс. Еске сала кетейік, екі елдің сауда қатынасы жыл басынан бері шиеленісе түсті. Оған арадағы сауда балансының теңсіздігі түрткі болды. Президент Трамптың пікірінше, Қытай елі АҚШ-қа қатысты әділетсіз сауда саясатын жүргізіп отыр. Осының салдарынан АҚШ экономикасына көптеп шығын келуде. Дональд Трамп, АҚШ Президенті: – Президент ретінде мен еліміздің мүддесін қорғауға тиіспін. Оған қауіп төнгенде, менің өкімшілігім қарап отыра алмайды. Сондықтан, мен Қытайды тағы бір рет қазіргі жүргізіп отырған әділетсіз сауда саясатын тоқтатуға шақырамын.



ОҢТҮСТІК КОРЕЯ БАСШЫСЫН КИМ ЧЕН ЫННЫ ӨЗІ ҚАРСЫ АЛДЫ

Оңтүстік Корея басшысын Пхеньян Әуежайынан Ким Чен Ынның өзі қарсы алды, деп хабарлайды 24.kz сайты.

Оңтүстік Корея президенті Мун Чжэ Ин Солтүстік Корея басшысымен келіссөз өткізу үшін Пхеньянға келді. Әуежайда оны Ким Чен Ынның өзі қарсы алды. Бауырлас елдің басшылары бір біріннің қолын алып, жылы амандасқан соң бір көлікпен ресми өкілдерді қабылдайтын «Пэкхвон» сарайына беттеді. Ал жолда адамдар қонақтарды «Ұлттық біріккен көштерімен бейбітшілік пен өркендеуді ашайық»

деген ?нпарақшалармен қарсы алды. Ал екіжақты кездесу үш күнге созылады. Президент Мун Чжэ Ин Солтүстік Корея басшысымен екі рет кездеседі. Бүгін келіссөздің алғашқы кезеңі жүруі тиіс. Басқосуда Корей түбегін ядролық қарудан азат өңірге айналдыру мен биыл сәуір және мамыр айындағы саммит кезінде қол жеткізілген келісімдерді жүзеге асыру мәселесі қарастырылады. Осы категория бойынша: «Ресейдің әскери ұшағы Жерорта теңізінде жоғалып кетті, «Флоренс» дауылынан қаза тапқандардың саны артты»

ПАРИЖ 2030 ЖЫЛДАН БАСТАП БЕНЗИНМЕН ЖҮРЕТІН КӨЛІКТЕРДЕН БАС ТАРТПАҚ



Бір күніңізді көліксіз өткізе аласыз ба? Парижде осындай шара өтті. Сөйтіп, таңғы 11.00-ден кешкі 18.00-ге дейін шаһар көшелерінде көлікпен жүруге тыйым салынып, тек велосипед пайдалануға рұқсат етілген. Ал такси мен өзге де қоғамдық көліктердің жылдамдығы сағатына 20 шақырымға дейін азайтылды. Жергілікті билік мұндай шараны 4-ші мәрте ұйымдастырып отыр. Олардың айтуынша, бұл акция қоршаған ортаны таза ұстаудың амалы.

2030 жылдан бастап бензинмен жүретін көліктерден бас тартпақ. Бетті дайындаған: Жандос САҒЫНДЫҚОВ.

О ликвидации

ООО «Satan Kurylys» объявляет о своей ликвидации. Все претензии принимаются в течение 2 (двух) месяцев по адресу:
г. Шымкент,
Каратауский район,
мкр. Нурсат, 4 дом,
5 квартира по телефону:
8 747-824-06-24

Объявление

Сайрамским районным судом Туркестанской области возбуждено гражданское дело по заявлению Сухина Александра Игоревича, проживающего по адресу: Сайрамский район, село Аксукент, улица А.Аскарлова, дом 51, квартира №8 о признании гражданина Сухина Игоря Сергеевича, 1969 года рождения, по национальности – русского, последнее место работы не работавшего, проживающего по адресу: Сайрамский район, село Аксукент, улица А.Аскарлова, дом №51, квартира №8 – безвестно отсутствующим.
Всем, кто имеет сведения о месте пребывания Сухина Игоря Сергеевича, просим сообщить об этом в трехмесячный срок со дня публикации в Сайрамский районный суд, по адресу: Сайрамский район, с.Аксукент, ул. Жандарбекова, №8 судье Хожамуратовой

Открылось наследство


*** Умер Канбулатов Досбол Уралбекулы. Дата смерти: 11.07.2018 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Ургешбаевой Р.У. по адресу: г. Шымкент, ул. Желтоқсан 12 «а» тел.: 8 702-253-49-23
*** Умер Асадов Ахат. Дата смерти: 6.05.2009 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. по адресу: г. Шымкент, ул. Мадели кожа 1 «г» ЦОН. Тел.: 8 705-682-20-75
*** Умерла Токжуманова Айман Кырбаевна. Дата смерти: 27.06.2018 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Борыкбаевой А.М. по адресу: Г. Шымкент, ул. Г.Ильяева 29. Тел.: 30-07-69



Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде, Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылдың 5 қаңтарда есепке қойылып, №10617-Г тіркеу куәлігі берілген.

Құрылтайшысы және меншік иесі «Айғақ»Медиа» ЖШС

Ұлжан Қасымжанқызы
НАУШАБАЕВА -
Бас редактор
РЕДАКЦИЯНЫ МЕКЕНЖАЙЫ:
160000, Шымкент қаласы, Г. Ляева көшесі, 29.
E-mail: aigak@mail.ru www.aigak.kz
Жандос САҒЫНДЫҚОВ - Бездіруші
Сандуғаш ЖАҚЫПОВА - Жарнама
Олжас ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ - Тарату бөлімі



Журналистер: 8 (7252) 30-10-86,
Жарнама бөлімі тел: 8 (7252) 21-34-30,
Қаржы бөлімі тел: 8 (7252) 21-06-34 Факс: 30-07-25
Газетті тарату және жеткізу қызметі: 8 778 452 53 53

Газет тарайтын облыстар мен қалалар:

Астана, Ақмола, Алматы, Атырау, Ақтөбе, Ақсай, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Қостанай, Көкшетау, Семей, Павлодар, Талдықорған, Қарағанды, Теміртау, Байқоңыр.

Жазылу индексі **65836**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, «Айғақ» Баспа үйі» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Г.Ляева көшесі, 29.

Талпырыс: №188
Таралым: 8000

Немірдің кезекші редакторы - Әйгерім ӘЛІБЕКОВА

Редакция авторлар мақаласы мен көзқарасына, жарнама мазмұнына жауап бермейді. Автор қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды. Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. «Айғақ» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.



РАХИМА ПЛАЗА

сауда ойын-сауық орталығы

*Заманауи
үлгідегі бағасы
арзан сауда
орталығы*

- Балалар үшін керемет демалыс орын
- Ерлер, әйелдер және балалар киімдері
- Дәріхана мен асхана
- бесікарбалар мен велосипедтер
- бөлме гүлдері мен картиналар
- алуан түрлі ыдыстар, астаулар



**Мекенжайы: Шымкент қаласы,
«Нұрсәт» м/а.**

Хабарландыру

Шымкент қаласы, Павлов көшесі, 2 үй, 67 пәтердің тұрғыны Кепіл ұстаушы Мамыкова Назира Тулендияровнаң сенімхатпен өкілі, Суттибаева Джанар Ибрагимовнаға, ЖСН: 860101407754 және Рзаев Бакберген Полатхановичке, ЖСН: 801027302340 тиесілі ортақ меншіктегі мүлкін Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, Күншығысшағын ауданы, №108 үй, №66 пәтерді, Пәтер үш тұрғын бөлмеден, дәлізден, жуынатын бөлмеден, әжетханадан, ас бөлмеден, лоджиядан, тұрғын алаңы – 39,0 ш.м., жалпы алаңы – 60,2 ш.м., 21.09.2016 жылы №2076 тізілімде тіркеліп куәландырылған несие келісім-шартының және 21.09.2016 жылы №2077 тізілімде тіркеліп куәландырылған кепіл шартының міндеттемелерін орындамағанына байланысты соттан тыс кепілге салынған мүлкті ашық сауда саттыққа жариялайды. Көрсетілген кепілге қойылған жылжымайтын мүлктің бағасы – 12 000 000 (он екі миллион) теңге.

Кепілдік салым сомасы тағайындалған сауда-саттық басталғанына 5 күн қалғанға дейін қатысушы сауда-саттық ұйымдастырушының қолына қолма-қол ақшалай немесе банктік шотқа аудару арқылы лото құнынан 5% немесе 600 000 (алты жүз мың) теңге құю керек. Ары қарай, сауда-саттық қатысушыға мәлімет, сатып алушы құнының төлеу реті көрсетілгендей жылжымайтын мүлктің түпкілікті бағасы анықталғаннан кейін, сауда-саттық жарияланған жеңімпаз 5 (бес) күн ішінде тіркелген бағаның және кепілдік салымның арасындағы айырмашылығын қолма-қол ақшалай немесе көрсетілген өкілдің шотына аудару арқылы құю керек. Сауда-саттыққа қабілетті көмелет жасына толған Қазақстан Республикасының азаматтары қатыса алады. Сауда-саттық 1 қазан 2018 жылы сағат 10:00 мына мекенжайда: Шымкент қаласы, Б.Момышұлы көшесі, 18 (бұрынғы кафе «Росинка» ғимаратында) өтеді. Сауда-саттық ұйымдастырушы Несипкалиев Сабит Салимжанович, тұратын мекенжайы: Шымкент қаласы, Айбергенов көшесі, 6 үй, 7 пәтер, ұялы/телефоны: **8 707 (775) 588 30-70.**

Объявление

Доверенное лицо залогодержателя Мамыковой Назиры Тулендияровны, проживающей по адресу: г. Шымкент, ул. Павлова, д. 2, кв. 67, объявляет открытие внесудебные торги заложенного недвижимого имущества принадлежащего залогодателям Суттибаевой Джанар Ибрагимовне, ИИН 860101-407754 и Рзаеву Бакбергену Полатхановичу, ИИН 801027302340, находящегося по адресу: г. Шымкент, Еңбекшінский район, микрорайон Күншығыс, дом 108, квартира 66, принадлежащего на праве совместной собственности – квартира, состоящей из трех жилых комнат, коридора, ванной, туалета, кухни, лоджии, общей площадью 60,2 кв.м., жилой площадью 39,0 кв.м., в виду неисполнения условий договора займа за реестровым номером 2076 от 21.09.2016 года и договора залога за реестровым номером 2077 от 21.09.2016 года. Стоимость указанного заложенного имущества составляет 12 000 000 (Двенадцать миллионов) тенге.

Сумма гарантийного взноса – 5 % от стоимости лота или 600 000 (шестьсот тысяч) тенге должно быть внесена участникам не позднее, чем за пять календарных дней до даты назначенных торгов, как наличным, так и безналичным путем по реквизитам, указанным организатором торгов. Далее, для сведения участников торгов предусмотрен следующий порядок уплаты покупной цены – после определения конечной цены заложенного имущества признанный Победитель торгов обязан в течении 5 (Пяти) календарных дней внести разницу между фиксированной ценой и суммой гарантийного взноса в наличной форме, либо путем перечисления денежных средств на счет указанный доверенным лицом.

К торгам допускаются дееспособные совершеннолетние граждане Республики Казахстан. Торги состоятся 1 октября 2018 года в 10:00 по адресу: г. Шымкент, ул. Б.Момышұлы, 18 (бывшие здание кафе «Росинка»). Организатор торгов Несипкалиев Сабит Салимжанович, проживающий по адресу: г. Шымкент, проезд Айбергенова, дом 6, квартира 7. Моб. **Телефоны: 8 707(775) 588-30-70.**

Жарамсыз деп танылсын

*** Әбдіразақ Нұрила Мансурқызы атына Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтынан берілген сынақ кітапшасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Оразбай Жанар Бағдатқызы атына берілген Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтынан берілген сынақ кітапшасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «Кеме» ЖШС атына берілген 2005 жылы шыққан зауыт №50697, Микро 103 Ф маркалы кассалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «Монолитті құрылыс басқармасы» ЖШС атына берілген 2015 жылы шыққан зауыт №01332508, Меркурий 115 Ф маркалы кассалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Бейбітхан Мамырхан Жораханұлы атына Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтынан берілген сынақ кітапшасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Манасова М. атына берілген 2009 жылы шыққан зауыт №АА00819738, Меркурий 115 Ф маркалы кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Кансейтова Гаухар Мухановна атына Шымкент қаласы, Нұрсәт м/а., 90 үй, 13 пәтерге берілген тұру келісім-шартының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «Ecoculture» ЖШС атына берілген 2018 жылы шыққан зауыт №880000013759, DPG 150 Ф маркалы кассалық аппаратының тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Серік Асылзат Мақұлбекқызы атына Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтынан берілген сынақ кітапшасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Иващенко Оксана Юрьевна атына берілген 2010 жылы шыққан зауыт №АА00868996, Меркурий 115 Ф маркалы кассалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Пірәлі Гүлнар атына берілген 2005 жылы шыққан зауыт №АА703449, Меркурий 115 Ф маркалы кассалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Пірәлі Гүлнар атына берілген 2001 жылы шыққан зауыт №7118210, Миника 1101 Ф маркалы кассалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «Бережелді» ЖШС өндірісінің МТЗ-80 1997 жылы шыққан двигатель x 249454 техпаспорты, сериясы АВС 0038010 тракторы көнеруіне байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Карагойшиева Камшат Батырхановна атына «Өрлеу» АҚ біліктілікті арттыру ұлттық орталығынан 9.04.2016 жылы берілген «Оқытудың білімдік нәтижелеріне жету сапасын бағалау бойынша мұғалімнің кәсіби құзіреттілігін дамыту» туралы сертификаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Карагойшиева Камшат Батырхановна атына «Өреу» АҚ біліктілікті арттыру ұлттық орталығынан берілген педагог кадрлардың біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша 17.07.2017 жылы оқу курсы аяқтағандығы туралы сертификаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жақсылық Айгерім Ержанқызы атына Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтынан берілген студенттік билет жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Бижанова Ұлжан атына Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтынан берілген студенттік билет жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Анаркулов Усен Мирзабай угли атына берілген ҚР мекендеу қағазы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «Элит Логистик Сервис» ЖШС атына атына берілген халықаралық жүк тасымалдауға рұқсат қағазы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Минчук Валентина Васильевна атына Шымкент қаласы, 17 м/а., 8 а үй., 17 пәтерге берілген жекешелендіру келісім-шарты мен барлық құжаттары жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Бабаханова Агзамбек Ганишевич атына Шымкент қаласы, Бозарық-2 м/а., 148 учаскеге берілген кадастрлық №19-309-203-801 мемлекеттік АКТ және барлық құжаттары жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Аристанбаев Хамидулла Сайдивақасович атына берілген ҚР мекендеу қағазы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Ремонт телевизоров и спутниковых антенн

Тел.: 56-17-58, 8 702-243-45-54, 8 771-670-72-87

